Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,
Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина,
Л. С. Нурмуханова, Б. Қ. Мукеева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің
Республикалық ғылыми-практикалық
білім мазмұнын сараптау орталығы ұсынған

3-сынып
1-бөлім

Көкжиек-Горизонт
Алматы, 2026

© Көкжиек-Горизонт

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Каз-922
Қ 17

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

 — Тыңда

 — Қайтала. Суретке қарап, сөйле

 — Оқы

 — Жаз

 — Жұптық жұмыс

 — Топтық жұмыс

 — Бастапқы деңгей

 — Орта деңгей

 — Жоғары деңгей

Авторлар: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Л. С. Нурмуханова, Б. Қ. Мукеева

Рецензенттер: Н. М. Абишева — педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
А. С. Берекенова — қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер.

Қ 17 Қазақ тілі: Оқулық. Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған (оқыту қазақ тілінде емес). Екі бөлімнен тұрады. 1-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Л. С. Нурмуханова, Б. Қ. Мукеева. — Қайта басылым, түзетілген және толықтырылған. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2026. — 166 б.

ISBN 978-601-363-185-1 (1-бөлім)
ISBN 978-601-363-183-7 (жалпы)

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Каз-922

ISBN 978-601-363-185-1 (1-бөлім)
ISBN 978-601-363-183-7 (жалпы)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2026
© Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Л. С. Нурмуханова, Б. Қ. Мукеева, 2026

Жас дос!

Халықтық Конституцияда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі» деп жазылған. Осы оқулық арқылы қазақ тілінде еркін сөйлеуге, сауатты жазуға үйренесің.

3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы 2 бөлімнен тұрады. 1-бөлімде «Жанды табиғат» тақырыбында қоршаған орта туралы ойың дамиды. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» тақырыбы бойынша әдепті болуға, сыпайы сөйлеуге үйренесің. «Уақыт» тақырыбын оқу арқылы күнді дұрыс жоспарлаудың маңызын түсінесің. Достарыңмен табиғат мезгілдері жайлы сөйлесесің. Ал «Сәулет» тақырыбында ең керемет өнер түрі жайлы, әсем ғимараттар мен кешендер туралы ой бөлісесің.

«Қазақ тілі» сабақтарында сені қызықты тапсырмалар күтеді. Қазақша сөйлеуді үйренесің, түрлі тақпақ жаттайсың. Тапсырмаларды жұппен, топпен ақылдаса отырып, орындауға дағдыланасың. Мұндай тапсырмалар сені достарыңмен жақын араласуға, ойыңды еркін жеткізуге көмектеседі. Сөйтіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлейтін боласың.

Талабыңа нұр жаусын, жас дос!



1 Жанды табиғат

Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті.
ҚР Конституциясы 37-бап



ТІРЕК СӨЗДЕР:



ОҚУШЫ, СЕН БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

- жанды табиғат пен жансыз табиғаттың ерекшелігін білесің;
- үй жануарлары, аңдар мен құстар жайлы ақпарат аласың;
- әртүрлі мәтіндерді оқып, табиғатты сүюді үйренесің;
- табиғатты қорғаудың маңызын түсінесің;
- құстардың адамға пайдасы жайлы білесің;
- айтылған сөздің, шағын мәтіндердің мазмұнын тыңдап түсінуді, сұрақтарға жауап беруді үйренесің.

Оқу барысында сен мыналарды ҮЙРЕНЕСІҢ:



мәтін мазмұны бойынша иллюстрацияларды орналастырып, кесте толтыруды;



берілген тақырып бойынша жоспар (сурет, сызба түрінде) немесе тірек сөздер бойынша ойынды жеткізуді;







түрлі жағдаятта қарым-қатынас жасауды;





мәтінді дұрыс оқуды;

нақты тақырып бойынша сызба, постер құруды;



тірек сөздердің көмегімен оқиғаны мазмұндауды;





затты қарапайым түрде сипаттап айтуды, жазуды.

1 Күз келді

Дауыссыз б-п дыбыстары кездесетін сөздердің ережесін сақтап жазасың.

Үшінші сыныпқа бар+а+мын.
Табиғат өзгер+е+ді.
Олар — менің сынып+тас+тар+ым.

Жаңа сөздер

өзгеру
сыныптастар

Оқы. Қайтала.

Табиғат өзгереді.

Үшінші сыныпқа барамыз.

Олар менің сыныптастарым.

Дұрыс айт!

өзгереді
(өзгөрөт)
ұл
қыз

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін қай күн?
2. Күзде не басталады?
3. Күзде не өзгереді?
4. Әлібек нешінші сыныпқа барады?
5. Олар кім?

2-тапсырма. Суреттерді мәтін мазмұны бойынша орналастыр.







3-тапсырма. **Мәтінді оқы. Үлгіге қара. Әр сөйлем бойынша сұрақ жаз. Дауыссыз б-п дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс жаз.**

Үлгі: Сен нешінші сыныпқа барасың?

Мен үшінші сыныпта оқимын. Менің сыныбымда он ұл, он екі қыз оқиды. Бұлар — менің сыныптастарым. Бұл — Әнел. Мына сыныптасымның аты — Саша. Менің сыныптастарым әдепті, ақылды. Олар табиғатты жақсы көреді.

4-тапсырма. **Оқы. Салыстыр. Көптік жалғаулы сөзді тап.**

Менің сыныбым	Менің сыныптасым	Менің сынып+тас+тар+ым
Сенің сыныбың	Сенің сыныптасың	Сенің сынып+тас+тар+ың
Сіздің сыныбыңыз	Сіздің сыныптасыңыз	Сіздің сынып+тас+тар+ыңыз
Оның сыныбы	Оның сыныптасы	Оның сынып+тас+тар+ы

5-тапсырма. **Суреттерге қара. Сұраққа жауап бер.**

- Бұл қай мезгіл? Сенің сыныптастарың қай мезгілді жақсы көреді?

Бұл — ...






6-тапсырма. Адасқан қосымшаларды орындарына қойып жаз.

қыргүйек...	сынып...	күз...	-дің	-тас	-ді
үш...	оқи...	өзгере...	-те	-мын	-інші

7-тапсырма. Суреттерге қара, кімнің қай мезгілді ұнататынын айт. Өз пікіріңді дәлелдеу үшін «Менің ойымша», «Менің көзқарасым бойынша», «Себебі» деген тіркестер мен сөзді қолдан.



Әлібектің суреті



Әнелдің суреті



Сашаның суреті



Аннаның суреті

8-тапсырма. Үш топқа бөлініңдер. «Сабақ басталды» деген тақырыпта мәтін құраңдар. Мәтінде жаңа сөздерді қолданыңдар.

Кел, жаттайық!

Сыныптастар — шын достар,
Бірге сабақ оқитын.
Ортақ бізге бір жоспар,
Білім ортақ тоқитын.

Есте сақта!

Қыргүйек — күздің бірінші айы. Күзде табиғат өзгереді. Біз үшінші сыныпқа барамыз. Бұл — менің сыныптастарым.

2 Жанды және жансыз табиғат

Тірек сөздер бойынша сөйлей білесің.

Өсімдіктер өс+е+ді.

Жаңа сөздер

жанды/жансыз
өсімдік
өседі

Дұрыс айт!

өсімдік
[өсүмдүк]
өседі [өсөт]

Оқы. Қайтала.



жанды табиғат

Өсімдік өседі.

жансыз табиғат

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек кіммен сөйлесті?
2. Олар не туралы сөйлесті?
3. Табиғат деген не?
4. Табиғат қандай болады?

2-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Тірек сөздер: Әлібек, ата, сөйлесті, табиғат, жанды, қоршаған орта, жансыз.

3-тапсырма. **Мәтінді оқы. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айт.**

Табиғат жанды және жансыз болады. Жанды табиғатқа адамдар, жануарлар, құстар, өсімдіктер жатады. Жансыз табиғатқа су, тас, тау, Күн, Ай жатады. Жанды табиғат өседі, өзгереді. Ал жансыз табиғат өзгермейді.

4-тапсырма. **Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып жаз. Сөйлемдерден көптік жалғаулы сөздерді тап.**

Керекті сөздер: табиғатқа, Ай, өсімдіктер, өседі, жанды, өзгермейді.

1. Адамдар, жануарлар, құстар ... табиғатқа жатады. 2. ... де жанды табиғатқа жатады. 3. Жансыз ... су, тас, тау, Күн жатады. 4. ... қандай табиғатқа жатады? 5. Жанды табиғат өзгереді, ... 6. Ал жансыз табиғат ... .

5-тапсырма. **Кестеден мағынасы қарама-қарсы және болымды, болымсыз мәндегі сөздерді тап.**

жанды	өзгереді	ақ	тәтті
өседі	жатпайды	суық	қара
өзгермейді	өспейді	ащы	кіші
жатады	жансыз	үлкен	жылы

6-тапсырма. **Суреттерге қара. Қайсысы жанды табиғатқа, қайсысы жансыз табиғатқа жатады? Кесте бойынша жаз. Үлгі бойынша түсіндір.**

Үлгі: Бұл — ... . Ол ... табиғатқа жатады, себебі ....



Жанды табиғат	
Жансыз табиғат	

7-тапсырма. Жұптық жұмыс. Оқыңдар. Бүгінгі тақырыпқа қатысты сөздерді табыңдар. Оларды қатыстырып, сұхбат құрыңдар.

Үлгі: **Маған** құстар ұнайды. **Олардың** бәрі жанды табиғатқа жатады.



Кел, жаттайық!

Табиғат — біздің анамыз,
Табиғатқа баламыз.
Құшағында ойнаймыз,
Шаттық әнге саламыз.

Н. Жанаев

Есте сақта!

Жанды табиғатқа адамдар, жануарлар, құстар, өсімдіктер жатады. Жансыз табиғатқа су, тас, тау, Күн, Ай жатады. Жанды табиғат өседі, өзгереді. Ал жансыз табиғат өзгермейді.

3 Үй жануарлары — жанды табиғат

Тақырыпқа қатысты сөздерді табасың.

Жаңа сөздер

қора
қой
сиыр
жылқы
ешкі
түйе
мал

ТІЛДІК БАҒДАР

ЗАТ ЕСІМ

Заттың атын білдіретін сөздер — **зат есім** деп аталады. ***Кім, не*** деген сұрақтарға жауап береді.

Мысалы: *ата, қора, түйе т.б.*

Оқы. Қайтала.



қора
жылқы
қой
ешкі
сиыр
түйе
Мынау — қора.
Бұлар — үй жануарлары.

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, қайтала.

Үлгі: Менің атам ... тұрады. Атамның ... бар. Қорада ..., ..., ..., ..., ... бар. Олар ... .

2-тапсырма. Суреттерді сөзге айналдырып жаз. Зат есімдердің астын сыз.

Әлібектің атасы  тұрады.

Атасының  бар.

Қорада      бар.

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Жазда атамның ауылына бардым. Атамның қорасында жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі бар. Оларды үй жануарлары деп атайды.

Мен атама көмектестім. Жануарларға шөп салдым. Қораны тазаладым.

1. Әлібек жазда қайда барды?
2. Атасының қорасында не бар?
3. Үй жануарларын тағы қалай атайды?
4. Әлібек атасына қалай көмектесті?
5. Үй жануарлары қандай табиғатқа жатады?

4-тапсырма. Суреттерге қара. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып оқы.

Керекті сөздер: үй жануарлары, өседі, сиыр, қой, жанды, жылқы, ешкі, түйе.


Бұл — ... .


Бұл — ... .


Бұл — ... .


Бұл — ... .


Бұл — ... .

5-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны. Суретте көрсетілген жануарларды атаңдар. Кім көп ұпай жинаса, сол жеңімпаз болады.

Бұларды ... немесе ... деп атайды. Олар ... табиғатқа жатады. Себебі олар ... .

6-тапсырма. Үш топқа бөлініңдер. Суреттегі үй жануарларының бірін таңдап, заттың атын, сынын, іс-қимылын білдіретін сөздерді қолданып, «Бұл не?», «Ол қандай?», «Ол қандай табиғатқа жатады?» деген сұрақтарға жауап жазыңдар.

Кел, жаттайық!

Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі — жануар.

Есте сақта!

Атамның қорасында жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі бар. Олардың барлығын үй жануары деп атайды. Олар жанды табиғатқа жатады.

4 Бұл ненің төлі?

Өз пікіріңді (менің ойымша..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдейсің.

Қой+дың қозы+сы
Ешкі+нің ла(қ)ғ+ы
Сиыр+дың бұзау+ы

Жылқы+ның құлын+ы
Түйе+нің бота+сы

Жаңа сөздер

құлын
бота
бұзау
қозы
лақ

Дұрыс айт!

құлын [құлұн]
бұзау
қозы [қозұ]
лақ

Оқы. Қайтала.


құлын


бота


бұзау


қозы


лақ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Бұл ненің төлі?



2-тапсырма. **Көп нүктенің орнына керекті жалғауды қойып, дауысты *ы-ұ*, дауыссыз *қ-ғ* дыбыстары бар сөздерді дұрыс жаз.**

қой + ...	-ның -дың -нің	қозы + ...	-ы -сы
ешкі + ...		лақ (ғ) + ...	
жылқы + ...		құлын + ...	
түйе + ...		бота + ...	
сиыр + ...		бұзау + ...	

ТІЛДІК БАҒДАР

СЫН ЕСІМ

Заттың сынын білдіретін сөздер — **сын есім** деп аталады. ***Қандай, қай*** деген сұрақтарға жауап береді.

Мысалы: *әдемі, үлкен, қызықты, таза.*

3-тапсырма. **Мәтінді оқы, сын есімдерді ата.**

Біз үй жануарларының төлдерін жақсы көреміз. Маған құлын ал ағама бота ұнайды. Қарындасым қозыны, інім бұзау мен лақты жақсы көреді.

Төлдер әдемі, сүйкімді. Олар шөп жейді, ойнайды.

4-тапсырма. **Мәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар. Сын есімге жататын сөздерді қолданыңдар.**

Үлгі: Әлібекке не ұнайды? Ол ненің төлі? Ол не істейді? Ол қандай?

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз. Мәтіннен кімге деген сұраққа жауап беретін сөздерді тап. Мұғалімнің көмегімен сөздің негізгі бөлігін және жалғанған бөлігін ажырат.

Әлібекке ... ұнайды. Ол — ... төлі. Ағасына ... ұнайды. Ол — ... төлі. Қарындасына ... ұнайды. Ол — ... төлі. Інісіне ... мен ... ұнайды. Олар ... мен ... төлдері. Төлдер де ... табиғатқа жатады.

6-тапсырма. Жазылған мәтіннің иесін тап. Төлдің аттарын жіктеп айт. Өз пікіріңді дәлелдеу үшін «Менің ойымша», «Менің көзқарасым бойынша», «Себебі» деген тіркестер мен сөзді қолдан.



Мен ... . Мен ... төлімін. Мен өте тәртіптімін. Анам мені «қоңырым» деп еркелетеді.



Мен ... . Мен ... төлімін. Менің мойным ұзын, көзім үлкен. Мен төзімді жануармын. Мен көп күн су ішпей жүре аламын.



Мен ... . Мен ... төлімін. Мен өте жақсы жүгіремін. Өскенде бәйгеге қатысамын.



Мен ... . Мен ... төлімін. Мен жүгіруді, секіруді ұнатпаймын. Мен көп су ішемін.

Мен ... . Мен ... төлімін. Мен көп ойнаймын. Менің анамның сүтінде дәрумен көп. Оны ішкен балалардың денсаулығы жақсы болады.

Кел, жаттайық!

Қой баласы қоңырым,
Қойдан жуас момыным.
Шопан ата түлегі
Қошақаным, қайдасың?

Есте сақта!

Маған құлын, ал ағама бота ұнайды. Қарындасым қозыны, інім бұзау мен лақты жақсы көреді.

5 Менің ақ лағым бар

Сюжет бойынша иллюстрацияларды орналастырып, кесте толтырасың.

Менің ла(қ)ғ+ым
Сенің ла(қ)ғ+ың

Сіздің ла(қ)ғ+ыңыз
Оның ла(қ)ғ+ы

Жаңа сөздер

секіреді
еркелейді

Дұрыс айт!

секірет
еркелейт
ақ лақ [ағлақ]

ТІЛДІК БАҒДАР

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУ

Тәуелдік жалғау — заттың кімге тиесілі екенін білдіреді.

Мысалы: *менің қозым, біздің бұзауымыз, оның құлыны.*

Оқы. Қайтала.



Лақ секіреді.

Лақ еркелейді.

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. Лақ қандай?
3. Лақ не істейді?
4. Лақ кімге еркелейді?

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтыр.

Лақ қандай?
— ...
— ...
— ...



Бұл — ақ лақ.

Лақ не істейді?
— ...
— ...
— ...

3-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтырып жаз.

Менің
Сенің
Сіздің
Оның



бар/жоқ.

Менің
Сенің
Сіздің
Оның



бар/жоқ.

4-тапсырма. Өзің жақсы көретін үй жануарларының төлдері туралы шағын мәтін жаз. Төлдерді сипатта. Олардың не істейтінін айт.

5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Ғаламтордан «Жеті лақ» мультфильмін көріңдер. Мультфильм туралы досыңмен диалог құрыңдар.





Кел, жаттайық!

Бөрте лақ

Шөре-шөре, лағым,
Тентек болма, шырағым!
Секектеме, деміңді ал,
Селтеңдемей құлағың.

Әбділдә Тәжібаев

Есте сақта!

Қорада лақ бар.
Менің ақ лағым әдемі.
Менің лағым сүйкімді.
Лақ секіреді, маған еркелейді.

6 Жәндік жанды табиғатқа жатады

Жаңа сөздерді сөздіктерге сүйеніп, дұрыс жазасың.

Құмырсқа мен ара — жәндік.

Жаңа сөздер

ара
құмырсқа
қызғалдақ
жәндік
тістейді
шағады

Дұрыс айт!

құмырсқа
[құмұрысқа]
тістейді
[тістейт]
шағады [шағат]

Оқы. Қайтала.





құ-мырс-қа

а-ра

Ара мен құмырсқа — жәндік. Ара гүлге қонды.

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұраққа жауап бер.

1. Саша кіммен сөйлесті?
2. Ол Әлібектен не туралы сұрады?
3. Құмырсқа мен ара жәндікке жата ма?
4. Жәндік қандай табиғатқа жатады?

2-тапсырма. **Көп нүктенің орнына керекті сөзді қой. Дауысты *ы-ұ*, дауыссыз *қ-ғ* дыбыстары бар сөздерді дұрыс жаз.**

Керекті сөздер: жатады, ара, жәндік, кішкентай, қонды, құмырсқа.

1. ... мен ... жанды табиғатқа ... . 2. Оларды ... деп атайды. 3. Жәндік ... болады. 4. Ара қызғалдаққа ... .

3-тапсырма. **Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.**

— Әлібек, құмырсқа мен ара жанды табиғатқа жата ма?
— Иә, жанды табиғатқа жатады.
— Олар өте кішкентай ғой.
— Сондықтан оларды жәндік деп атайды. Жәндік те тамақ жейді, өседі.

4-тапсырма. **Жақшаның ішінен керекті сөздерді таңдап, сөйлемдерді толықтырып жаз.**

Ара мен құмырсқа да жанды (табиғатқа, төлге) жатады. Олар өте (кішкентай, үлкен). Ара мен құмырсқаны (жануар, жәндік) деп атайды. Ара, құмырсқа қоректенеді (өседі, ойнайды).

5-тапсырма. **Кестедегі сөздерді қолданып, сұраққа жауап бер.**

- Бұл не? Ол не істейді?





жүгіреді	секіреді
тамақ жейді	өседі
ойнайды	тістейді
ұшады	су ішеді
жүреді	жинайды

6-тапсырма. Рөлдік ойын. Ара мен Құмырсқаның рөлінде бір-біріңнен нені ұнататындарыңды сұраңдар. Бір-біріңе жылы сөз айтыңдар, дос болуға шақырыңдар.

7-тапсырма. «Иесін тап». Суреттерге қара. «Бұл не?» деген сұраққа жауап бер. Осы заттардың жәндікке қатысты екенін айт. Өз ойыңды жеткізуге қажет сөздердің аудармасын онлайн сөздік арқылы анықта.



Кел, жаттайық!

Гүлден жинап шырынды,
Бал береді аралар.
Тисең, шағып алады,
Жоламаңдар, балалар!

Есте сақта!

Ара мен құмырсқа жанды табиғатқа жатады. Олар өте кішкентай. Сондықтан оларды жәндік деп атайды. Жәндік те тамақ жейді, өседі.

7 Құстар — біздің досымыз

Тақырыпқа қатысты сөздерді тауып, сөйлеу барысында қолданасың.

Біз+дің дос+тар+ымыз
Сендер+дің дос+тар+ың
Сіздер+дің дос+тар+ыңыз
Олар+дың дос+тар+ы

Мен қорғай+мын
Сен қорғай+сың
Сіз қорғай+сыз
Ол қорғай+ды

Жаңа сөздер

құстар
қорғайды
көгершін
тоқылдақ
қарлығаш

Дұрыс айт!

құстар
тоқылдақ
[тоқұлдақ]
көгершін
[көгөршүн]

Оқы. Қайтала.

Құстар — біздің досымыз. Олар табиғатты қорғайды.


тоқылдақ


қарлығаш


көгершін

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша қажетті сұрақтарды қойып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

Қажетті сұрақтар: не? нелер? кім? қандай? нені?

1. Тоғайда ... бар?
2. Құстар ... табиғатқа жатады?
3. Құстар ... қорғайды?
4. Құстарды ... қорғайды?
5. 1 сәуір ... күн?

2-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтыр. Суреттердің ретін мәтін мазмұны бойынша белгіле.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰСТАР КҮНІ

1 

Құстар ... қорғайды.

2 

1 сәуір — құстар ... .

3 

Тоғайда ... бар.

ТІЛДІК БАҒДАР

ЕТІСТІК

Іс-қимылды білдіретін сөздер — **етістік** деп аталады. ***Не істеді, не істейді, не істеп жатыр?*** деген сұрақтарға жауап береді.

Мысалы: *ұшады, жатады, барады, тасиды, жүгірді.*

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Әр сөйлемге сұрақ қой. Етістіктерді тап.

Құстардың пайдасы көп. Тоқылдақ ағашты қорғайды. Оны орман дәрігері деп атайды. Қарлығаш егінді қорғайды. Көгершіндер бұрын хат тасыған. Құстар да жанды табиғатқа жатады.

4-тапсырма. Суреттерге қара. Үлгі бойынша сөйлем құрап айт.

Үлгі: Бұл — көгершін. Ол хат тасиды.

- Бұл не?





5-тапсырма. Оқы. Жаз.



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер және сұхбат мәтінін құрап жаз. Етістіктердің астын сыз.

— Сен қандай құстарды білесің?
— Құстардың табиғатқа қандай пайдасы бар?
— Құстардың адамға қандай пайдасы бар?
— Саған қандай құс ұнайды?
— Құстар неге жанды табиғатқа жатады?

Кел, жаттайық!

Табиғат осынау,
Бай екен, досым-ау!

Есте сақта!

Көгершін, тоқылдақ, қарлығаш — құстар. Олар — біздің досымыз. Құстар табиғатты қорғайды.

8 Қандай әдемі балапан!

Мәтінді рөлге бөліп оқисың.

Құс+тың балапан+ы
Қарлығаш+тың балапан+дар+ы
Көгершін+нің балапан+ы

Жаңа сөздер

балапан
мекендейді
ұшады
ұя салады
жоғары

Дұрыс айт!

жоғары
ұя
[ұйа]

Оқы. Қайтала.



көгершіннің балапаны



тоқылдақтың балапаны



қарлығаштың балапандары

Құстар ұя салады. Олар жоғары ұшады.
Тоқылдақ орманда мекендейді.

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Құстар қандай табиғатқа жатады?
2. Нелер жоғары ұшады?
3. Құстар ағаштың басына, үйдің шатырына, қораның төбесіне не істейді?
4. Құстың балапаны қалай өседі?

ТІЛДІК БАҒДАР

КӨПТІК ЖАЛҒАУ

Көптік жалғау — заттың көп екенін білдіреді. Жалғаулары: ***-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер.***

Мысалы: *құс → құстар, балапан → балапандар, көгершін → көгершіндер.*

2-тапсырма. Суреттерге қарап сөйлемдерді көптік мағынада толықтырып жаз.



... жоғары ұшады.



... үйдің шатырына ұя салады.



Бұл — қарлығаштың ... .



Құстың балапаны ... өседі.

3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Қай сөздерді көптік мағынада айтуға болатынын табыңдар.

— Қандай әдемі балапан! Бұл ненің балапаны?
— Бұл — тоқылдақтың балапаны.
— Тоқылдақ қайда мекендейді?
— Тоқылдақ орманда мекендейді.
— Тоқылдақ ұясын қайда салады?
— Ол ұясын ағаштың басына салады.
— Тоқылдақты неге орман дәрігері деп атайды?
— Себебі ол ағаштарды қорғайды.

4-тапсырма. Суреттерге қара. Сұраққа жауап бер.

- Бұл не? Қай құс ұясын қайда салады?





5-тапсырма. Оқы. Сөздерді тіркестіріп жаз. *Қ-ғ, к-г* дыбыстары кездесетін сөздердің ережесін сақта.

үйдің	*бұтағы*	қораның	қабырғасы
ағаштың	*беті*	талдың	төбесі
көлдің	*арасы*	таудың	етегі
тоғайдың	*шатыры*	үйдің	басы

6-тапсырма. «Бұл — ... балапаны». Өзіңе ұнайтын балапанның суретін сал. Төмендегі сөздерді қолданып, оны сипатта.

Қажетті сөздер: сүйкімді, әдемі, жұмсақ, кішкентай, салады, құстың, өседі, ұя салады.

7-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап бер. Сұхбат мәтінін құрап жаз.

— Саған қандай құс ұнайды?
— Оның балапаны қандай?
— Ол ұясын қайда салады?
— Ол құстың табиғатқа қандай пайдасы бар?

Кел, жаттайық!

Балапандар сақ екен,
Түсі қардан ақ екен!
Мөлдіреп тұр көздері,
Бейне сурет өздері!

Есте сақта!

Көгершін ұясын үйдің шатырына салады. Қарлығаштың балапандары сүйкімді.

9 Тырналар жылы жаққа ұшады

Шағын мәтіндегі ойды түсінесің.

Біз құстар+ды жылы жаққа шығарып сал+а+мыз
Сендер құстар+ды жылы жаққа шығарып сал+а+сың+дар
Сіздер құстар+ды жылы жаққа шығарып сал+а+сыз+дар
Олар құстар+ды жылы жаққа шығарып сал+а+ды

Жаңа сөздер

тырна
шығарып салу
жылы жақ

Дұрыс айт!

тырна
шығарып саламыз

ТІЛДІК БАҒДАР

ЖІКТІК ЖАЛҒАУ

Жіктік жалғау — қимылдың кімге, неге қатысты екенін көрсететін жалғау.

Мен → -мын / -мін
Сен → -сың / -сің
Сіз → -сыз / -сіз
Ол → жалғаусыз (немесе III жақ)

Біз → -мыз / -міз
Сендер → -сыңдар / -сіңдер
Сіздер → -сыздар / -сіздер
Олар → -ды / -ді / -ты / -ті

Оқы. Қайтала.

Күз келді. Тырналар жылы жаққа ұшып кетеді. Біз оларды шығарып саламыз.





1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша ақпараттың дұрыстығын тексер.

№	ақпарат	дұрыс	бұрыс
1	Күз келді, күн суытты.		
2	Тырнаның балапаны кішкентай.		
3	Тырналар күзде суық жаққа қайтады.		
4	Тырналар жоғары ұшады.		
5	Біз оларды жылы жаққа шығарып саламыз.		

2-тапсырма. Суреттерге қара. Мәтінде қай суретке қатысты ақпарат жоқ?





3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

Бүгін — демалыс. Күн бұлтты. Мен далаға шықтым. Аспанда тырналар ұшып барады. Анау — тырнаның балапаны. Ол үлкен болды. Мен тырналарды жылы жаққа шығарып салдым. Олар қыста жылы жақты мекендейді.

4-тапсырма. **Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемді толықтыр.**



... , күн суытты.



Құстар ... ұшады.



Біз оларды ... .

5-тапсырма. **Көп нүктенің орнына керекті дыбыстарды қойып айт. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып мәтін құрап жаз.**

Қ...стар, таби...ат, д...сы, ...шып кет...ді, қ...рғаймыз, шы...арып салам...з, к...н су...тады, мекенд...йді.

6-тапсырма. **Көп нүктенің орнына жақшаның ішінен тиісті қосымшаны қойып жаз.**

Күз (-да, -де, -те) күн суытады. Жапырақ (-дер, -дар, -тар) сарғаяды. Құстар ұшып кете (-сің, -ді, -ды). Құстар — адамның дос (-тары, -ымыз, -сы). Біз құстар (-ді, -ды, -ты) шығарып саламыз. Олар жылы жақта мекендей (-ді, -ды, -ті).

7-тапсырма. **Екі топқа бөлініңдер.** Күз көрінісі бейнеленген ашық хаттағы сурет бойынша мәтін құраңдар.



Есте сақта!

Күзде күн суытады. Тырналар жылы жаққа ұшады. Біз оларды шығарып саламыз.

10 Жем шашамыз

Тірек сөздер бойынша сөйлейсің.

Құстарға жем шаш+а+мын
Құстарға жем шаш+а+сың
Құстарға жем шаш+а+сыз
Құстарға жем шаш+а+ды

Жаңа сөздер

торғай
жем шашу
қамқорлық

Дұрыс айт!

жем шашамыз
ұя [ұйа]
жасаймыз

Оқы. Қайтала.



ұя жасаймыз

жем шашамыз

Торғайға жем шашамыз.

1-тапсырма. **Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді қолданып, түсінгеніңді айт.**

Тірек сөздер: тырна, қарлығаш, жылы жақ, торғай, көгершін, ұя жасаймыз, жем шашамыз.

2-тапсырма. **Мәтіннің мазмұны бойынша сөйлемдерді аяқтап жаз.**

1. Тырналар, қарлығаштар
2. Торғайлар, көгершіндер
3. Ұя жасаймыз
4. Жем шашамыз

3-тапсырма. **Мәтінді оқы. Мазмұны бойынша «иә», «жоқ» деп жауап беретіндей сұрақ қой.**

Мен торғайларға ұя жасаймын. Саша да ұя жасайды. Біз ұяны жоғары ілеміз. Біз құстарға жем шашамыз, су береміз. Құстар жанды табиғатқа жатады. Біз табиғатты қорғаймыз.

4-тапсырма. **Сөйлемдерді суреттермен сәйкестендір. Өзің таңдаған бір сурет бойынша мәтін құрап жаз. Мәтінде жаңа сөздерді қолдан.**



Күз келді.

Мен қарлығашты жақсы көремін.

Анна құстарға жем берді.

Мен ұя жасадым.







5-тапсырма. **«Зерттеу жасаймын».**

Мақсаты: Құстардың тіршілігін бақылау.

Зерттеу барысы: Терезе сыртына немесе аулаға жемсауыт жасап қой. Оған қандай құстардың ұшып келгенін бақыла (торғай, сауысқан, кептер).

Нәтижесі: Құстарға қамқорлық жасау туралы шағын мәтін құрап жаз.

Есте сақта!

Біз торғайларға ұя жасаймыз. Ұяны жоғары ілеміз. Құстарға жем шашып, су береміз.

11 Үй құстары

Мәтінді рөлге бөліп оқисың.

Мынау — үйрек.
Мынау — қаз.
Мынау — тауық.
Бұлар — үй құстары.

Жаңа сөздер

үйрек
тауық
қаз
үй құстары
әтеш
төмен

Дұрыс айт!

үйрек [үйрөк]
қаз
тауық [тауұқ]
әтеш
үй құстары [үй ғұстары]
төмен [төмөн]

Оқы. Қайтала.

үйрек
қаз
тауық
әтеш



Бұлар — үй құстары. Үй құстары төмен ұшады.

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша сұрақтар қойып, сөйлемдерді толықтырып жаз. Құрамында көптік жалғауы бар сөздердің астын сыз.

Керекті сөздер: не? нелер? кім? қалай? неге?

1. Атамның үйінде ... бар?
2. Үй құстарына ... жатады?
3. Олар ... жатады?
4. Үй құстары ... ұшады?
5. ... құстарға ұя жасады?

2-тапсырма. Суреттерге қара. Сөйлемдерді толықтыр.



Атамның ... үй құстары бар.



Үй құстары: ..., .., ..., ..., ...



Үй құстары ... ұшады.



Біз үй құстарына ... .

3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

— Әлібек, мынау қандай құстар?
— Мынау не?
— Мынау не?
— Мыналар ше?
— Бұлар үй құстары.
— Бұл — үйрек.
— Бұл — тауық.
— Мынау — қаз. Анау — әтеш.

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек пен Анна не туралы сөйлесті?
2. Үй құстары қайда жүреді?
3. Балалар қандай үй құстарын көрді?

5-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып, мәтін құрап жаз.

Ауыл, ата, әже, үй құстары, қаз, аула, үйрек, тауық, үлкен, жем шашу, су беру.

6-тапсырма. «Қандай құс?» ойыны. Топқа бөлініңдер. Өздерің таңдаған үй құсы туралы айтыңдар. «Қандай?» деген сұраққа жауап беріп, оны сипаттаңдар.



7-тапсырма. «Зерттеу жасаймын». Бір үй құсын таңдап (тауық, қаз немесе үйрек), төмендегі сұрақтар бойынша сипатта.

1. Қайда тіршілік етеді?
2. Немен қоректенеді?
3. Адамға қандай пайдасы бар?
4. Қандай ерекшелігі бар?

Соңында 5–6 сөйлемнен тұратын мәтін құрастыр.

Кел, жаттайық!

Қазым, қазым, қаңқылда,
Суда жүзіп салқында.
«Қарным ашты!» дейсің бе?
Жем шашайын, жейсің бе?

С.Бегалин

Есте сақта!

Бұлар үй құстары.
Олар аулада жүреді.
Мынау — қаз.
Мынау — үйрек.
Мынау — тауық.

12 Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

Тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрайсың.

1-тапсырма. **Тірек сөздерді пайдаланып, «Жанды табиғат» тақырыбында мәтін құрап жаз.**

Тірек сөздер: жанды табиғат, жануарлар, өсімдіктер, құстар, жәндік, өседі, өзгереді, ұшады.

2-тапсырма. **Өзіңе ұнайтын бірнеше жан-жануардың суретін сал. Олар жанды табиғаттың қай түріне жататынын кесте түрінде жаз.**

ЖАНДЫ ТАБИҒАТ			
үй жануарлары	аңдар	құстар	жәндіктер

3-тапсырма. **Жанды табиғаттың өздерің қалаған бір түріне сұхбат құрыңдар.**

4-тапсырма. **Сынып үш топқа бөлініңдер.** Кезекпен «Ұшты-ұшты» ойынын ойнаңдар. Әр топ өзіне бөлінген 3 минуттың ішінде «Жанды табиғат» тақырыбы бойынша меңгерген жаңа сөздерді қолданыңдар.

5-тапсырма. **«Зерттеу жасаймын». Өзің көріп жүрген бір құстың ұясына бақылау жаса. Оны фотоға түсіріп ал. Ұяның қайда және неден салынғаны, формасы туралы шағын мәтін жаз.**

Данасөз

Табиғат — тал бесік.

Білгенге маржан

Кішкене ғана бойы бар,
Айналдырып киген
тоны бар.

(Қой)

2 Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)

Отаншылдық, адамгершілік, ...еңбекқорлық — асыл қасиеттер.
Қасым-Жомарт Тоқаев

ТІРЕК СӨЗДЕР:


әдепті


жалқау


қайырымды


ұқыпты


еріншек


мейірімді



ОҚУШЫ, СЕН БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

жақсы және жаман қылықтың айырмашылығын білесің;

мәтіндер мен кейіпкерлер арқылы әдепті, мейірімді, еңбекқор, ұқыпты болудың маңызын түсінесің;

әр тапсырма арқылы таңдау жасауға және өз іс-әрекетіне ойланып қарауға үйренесің;

баяу әрі анық айтылған, жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсінесің.

Оқу барысында сен мыналарды ҮЙРЕНЕСІҢ:



тыңдаған материал бойынша сұрақтарға жауап беруді;



белгілі бір тақырып бойынша әңгімелесуді;



тірек сөздер, сызбалар мен суреттерді пайдаланып мәтін құрауды;



сөздікке сүйеніп жаңа сөздерді дұрыс жазуды;





үлгі бойынша жай сөйлем құрауды.

1 Жақсы іс — қуаныш

Сюжет бойынша иллюстрацияларды орналастырып, мазмұндайсың.

Адал еңбек — бүкіл жетістіктің бастауы, табысқа жетудің кілті.

Қасым-Жомарт Тоқаев

Мен еңбек+қор+мын
Сен еңбек+қор+сың
Сіз еңбек+қор+сыз
Ол еңбек+қор
Мен мейірім+ді+мін
Сен мейірім+ді+сің
Сіз мейірім+ді+сіз
Ол мейірім+ді

Мен ақыл+ды+мын
Сен ақыл+ды+сың
Сіз ақыл+ды+сыз
Ол ақыл+ды
Мен сыпайы+мын
Сен сыпайы+сың
Сіз сыпайы+сыз
Ол сыпайы

Жаңа сөздер

еңбекқор
ақылды
мейірімді
үлгілі
тентек

Дұрыс айт!

еңбекқор
ақылды
мейірімді
үлгілі
[үлгүлү]

Оқы. Қайтала.



мейірімді



еңбекқор



үлгілі

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Жоғарыдағы қай сурет мәтіннің мазмұнына сәйкес? Айтып бер.

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тап.

Менің досым ауылда тұрады. Ол еңбекқор, ақылды. Ата-анасына көмектеседі. Сабақты жақсы оқиды. Әженің сөмкесін көтеріп, үйіне жеткізді. Ол — мейірімді бала.

3-тапсырма. Мәтін бойынша тест тапсырмаларын орында.

★

1. Мәтіннің тақырыбын анықта:
а) Менің мектебім
ә) Менің досым
б) Ауылдағы табиғат

2. Мәтіндегі кейіпкер:
а) Мұғалім
ә) Ата-ана
б) Досым

3. Ол қандай бала?
а) жалқау
ә) еңбекқор
б) еріншек

4-тапсырма. Тиісті қосымшаны жалғап жаз.

Мен ақылды... . Мен мейірімді... .
Сен еңбекқор... . Сен үлгілі... .
Сіз ақылды... . Сіз мейірімді... .
Ол тентек. Ол ұқыпты.

Тиісті қосымшалар:

-мын	*-сың*	*-мін*
-сіз	*-сің*	*-сыз*

5-тапсырма. Сұхбатты толықтыр.

★★

— ..... .
— Менің досым ауылда тұрады.
— ..... .
— Ол еңбекқор, ақылды.
— ..... .
— Ол ата-анасына көмектеседі.
— ..... .
— Сабақты жақсы оқиды.

6-тапсырма. Төмендегі сөздердің ішінен жақсы адамға тән қасиеттерді (сөздерді) белгілеп шық. Артық сөздерді сызып таста. Неге артық екенін түсіндір.

- тентек
- мейірімді
- жалқау
- сыпайы
- ақылды
- еңбекқор

7-тапсырма. Суреттер бойынша бірнеше сұрақ дайында. Көршіңнен сұра.





8-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма бойынша өз ойыңды айтып бер.

- Мектептің ауласынан аяғы жараланған күшікті көрдің. Не істейсің?
- Досың қаламын жоғалтып алды. Ол ренжіп отыр. Сен не істер едің?
- Анаң үй жинап жатыр, ал сен боссың. Не істейсің?
- Есік алдында кішкентай бала жылап тұр. Не істейсің?

9-тапсырма. Үш күн бойы жасаған жақсы істеріңді кестеге толтыр. Соңында өзің үшін ең маңызды болған бір күнді таңда. Сол күні не істегеніңді және неге ол күн саған маңызды болғанын айтып бер.

Күндер	*Жақсы істер*
1-күн	
2-күн	
3-күн	

Есте сақта!

Мен еңбекқормын.
Сен ақылдысың.
Сіз ұқыптысыз.
Ол мейірімді.

2 Жаман әдеттен жирен!

Тірек сөздер, сызбалар, суреттерді қолданып, мәтін жазасың.

Мен жалқау+мын / жалқау емес+пін
Сен жалқау+сың / жалқау емес+сің
Сіз жалқау+сыз / жалқау емес+сіз
Ол жалқау / жалқау емес

Мен ерке+мін / ерке емес+пін
Сен ерке+сің / ерке емес+сің
Сіз ерке+сіз / ерке емес+сіз
Ол ерке / ерке емес

Жаңа сөздер

жалқау / жалқау емес
еріншек
ерке
жаман
шашып тастау

Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

жалқау
еріншек
ешкім

ерке еріншек

шашып тастау

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Суретті пайдаланып, мазмұнын айтып бер. Тақырып қой.

2-тапсырма. **Сұраққа жауап бер. Жалқаубек қандай? Әлібек қандай?**

Жалқаубек — жалқау бала. Ол сабақ оқымайды. Киімдерін шашып тастайды. Оның бөлмесі лас.

Әлібек жалқау емес. Ол сабақты жақсы оқиды. Оның бөлмесі таза. Ол еріншек емес.

3-тапсырма. **Мәтін бойынша тест тапсырмаларын орында.**

1. Жалқаубек қандай бала?

а) Еңбекқор

ә) Жалқау

б) Тиянақты

2. Жалқаубектің бөлмесі қандай?

а) Таза

ә) Үлкен

б) Лас

3. Әлібек туралы қай пікір дұрыс?

а) Ол сабақты жақсы оқиды

ә) Ол еріншек

б) Ол сабақты оқымайды

4-тапсырма. **Оқиғалар ретін анықта. Сөйлемдерді дұрыс ретімен орналастыр.**

1. Ол еңбекқор, ақылды.
2. Ол ата-анасына көмектеседі.
3. Ол аяғы сынған құсқа көмектесті.

Кестені толтыр.

Кейіпкер	Жағымды	Жағымсыз	Неге? Дәлел келтір.

5-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлем құра.



Ол _____.



Ол _____.



Ол _____.

6-тапсырма. Жаман әдетке не жатады? Сызбаны толықтырып жаз.



7-тапсырма. Сұхбатты толықтыр.

★★

— Жалқаубек қандай бала?
— ..... .
— Оны бәрі қалай атайды?
— ..... .

— Сенің досың жалқау ма?
— ..... .
— Досың сабақты қалай оқиды?
— ..... .

ТІЛДІК БАҒДАР

КӨМЕКШІ СӨЗДЕР

Көмекші сөздер — сөздерді байланыстырады, сөйлемге қосымша мағына береді. Жиі кездесетін көмекші сөздерге және, бірақ, үшін, туралы, себебі кіреді.

Мысалы:

Мен кітап және дәптерімді жинадым.
Біз анамыз үшін гүл алдық.
Біз жаман әдет туралы әңгімелестік.
Олар үйде отырды, себебі жаңбыр жауып кетті.

8-тапсырма. Суреттер бойынша әңгіме құра.





9-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтап, жаз.

- Мен бүгін жалқау болдым, **өйткені ... .**
- Ол кітабын тастады, **себебі ... .**
- Біз Жалқаубекпен дос емеспіз, **өйткені ол ... .**
- Мен еріншек емеспін, **себебі ... .**

10-тапсырма. Жағдаяттарды оқып, жұпта талқыла.

Оқушы сабақта үнемі сөйлеп отырады.
Бала қоқысты сыныпқа тастап кетеді.
Оқушы тапсырманы көшіріп алады.

11-тапсырма. «Жаман әдетке жол жоқ!» тақырыбына коллаж дайында. Дайын суреттерді пайдалан. Әр суреттің астына сөйлем құрап жаз.

Есте сақта!

Мен ерке емеспін.
Мен жалқау емеспін.
Ол бөлмесін жинамайды.
Ол еріншек.

3 Әлібек — әдепті бала

Жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, оқиғалардың ретін анықтайсың.

Мен әдепті бала+мын
Сен әдепті бала+сың
Сіз әдепті бала+сыз
Ол — әдепті бала

Мен алғыс айт+ты+м
Сен алғыс айт+ты+ң
Сіз алғыс айт+ты+ңыз
Ол алғыс айт+ты

Біз әдепті бала+мыз
Сендер әдепті бала+сың+дар
Сіздер әдепті бала+сыз+дар
Олар әдепті балалар

Жаңа сөздер

әдепті/әдепсіз
алғыс айту
мінез
келесі
міну
әдет
тілазар

Дұрыс айт!

әдепті /әдепсіз
алғыс айту
[алғыс айтұу]
мінез
келесі
міну [мінүу]
әдет
тілазар
теріс қылық

Оқы. Қайтала.

Әдепті бала



Әдепсіз бала



1-тапсырма. Өлеңді тыңда. Жаңа сөздерді жаз.

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Әлібек пен Жалқаубек киноға барды. Үйлеріне автобуспен қайтты. Келесі аялдамадан автобусқа әже мінді. Жалқаубек орын бермеді. Әлібек орнынан тұрып:

— Әже, мына жерге отырыңыз! — деді.

Әже Әлібекке:

— Өркенің өссін, балам! Әдепті бала екенсің! — деп алғыс айтты.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Әлібек пен Жалқаубек қайда барды?
- Автобусқа кім мінді?
- Жалқаубек не істеді?
- Әлібек не істеді?
- Әже не деді?

4-тапсырма. Тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

Әлібек пен Жалқаубек кино (-ге, -қа, -ға) барды. Олар автобус (-мен, -бен, -пен) қайтты. Аялдама (-тен, -дан, -нан) әже мінді. Әлібек әже (-ға, -ке, -ге) орын берді. Тілазар бала ата (-ға, -ге, -қа) дөрекі жауап берді. Сабақ (-на, -та, -да) шулау теріс қылық болып саналады.

5-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.

Мінезімнен	жалқау болсаң,	жақсылыққа жатпайды.
Көмектескені	үлкендер	таппайды.
Егер сен	үшін	әдепті деп мақтайды.
Мені	теріс қылық	алғыс айтады.

6-тапсырма. Екі баланың әрекетін салыстыр. Сенің ойыңша, қай бала әдепті? «Менің ойымша», «Менің көзқарасым бойынша», «Себебі» тіркестері мен сөзін қолданып айт.

Үлгі: Менің ойымша, Жалқаубек — әдепсіз бала. Себебі ол сабақта тыныш отырмайды.

Әлібек	Жалқаубек
Үй тапсырмасын уақытында орындайды.	Сабаққа кешігіп келеді.
Үлкен кісілермен сәлемдеседі.	Автобуста үлкен кісілерге орын бермейді.
Анасына көмектеседі.	Төсегін жинамайды. Тапсырған істі орындамайды, тілазар.
Ағасына сабағына көмектескені үшін алғыс айтады.	Сабақта тыныш отырмайды, теріс қылық танытады.
Кішкентай балаларға көмектеседі.	Үлкен кісілермен сәлемдеспейді.

7-тапсырма. Көшеде ауыр сөмкесі бар әже кетіп бара жатыр. Оны бір бала қағып кетті де, әженің сөмкедегі заттары шашылып қалды. Сен не істейсің? Балаға не дейсің?

Есте сақта!

Мен әдепті баламын. Әжеге орын беремін. Үлкендерге жол беремін.

4 Ол — ұқыпты оқушы

Шағын мәтіндегі ойды түсінесің.

Мен ұқыпты / ұқыпсыз оқушы+мын
Сен ұқыпты / ұқыпсыз оқушы+сың
Сіз ұқыпты / ұқыпсыз оқушы+сыз
Ол ұқыпты / ұқыпсыз оқушы

Біз ұқыпты / ұқыпсыз оқушы+мыз
Сендер ұқыпты / ұқыпсыз оқушы+сың+дар
Сіздер ұқыпты / ұқыпсыз оқушы+сыз+дар
Олар ұқыпты / ұқыпсыз оқушы+лар

Мен кешіг+е+мін / кешік+пе+й+мін
Сен кешіг+е+сің / кешік+пе+й+сің
Сіз кешіг+е+сіз / кешік+пе+й+сіз
Ол кешіг+е+ді / кешік+пе+й+ді

Оқы. Қайтала.



ұқыпты

Жаңа сөздер

ұқыпты / ұқыпсыз
көтеру
өз

Дұрыс айт!

ұқыпты / ұқыпсыз
[ұқұптұ / ұқұпсұз]
кешік

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек қандай оқушы?
2. Оның кітап, дәптерлері қандай?

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

... — ұқыпты оқушы. Ол ... кешікпейді. Әлібектің кітаптары ... .

Қажетті сөздер: таза, сабаққа, Әлібек.

3-тапсырма. Сұхбатты толықтыр.

— ..... .
— Әлібек — ұқыпты оқушы.
— ..... .
— Әлібектің кітаптары таза.
— ..... .
— Жалқаубек ұқыпсыз.

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Біздің мектепте «Сыныптағы ең ұқыпты оқушы» байқауы болды. Әділқазылар біздің кітап, дәптерімізді тексерді.

Әлібек байқаудың жеңімпазы атанды. Ол өте ұқыпты. Ол кітаптарын өзі қаптайды. Інісіне көмектеседі. Оның сөмкесін көтереді.

1. Мектебіңде «Сыныптағы ең ұқыпты оқушы» деген байқау бола ма?
2. Сыныптағы ең ұқыпты оқушы кім?
3. Сенің кітап, дәптерлерің таза ма?

5-тапсырма. Ұқыпты оқушының бір күндік жоспарын жаз.

Уақыт	Орындайтын іс-әрекеті
7.00	Ұйқыдан тұрады, төсегін жинайды, жаттығу жасайды.
8.00	...
9.00	...
...	...

6-тапсырма. Сызбаны толтыр. Сын есімдерді пайдалан.





7-тапсырма. Жағдаят. Інің 1 сыныпта оқиды. Оған үй жұмысына ұқыпты оқушыға тән қасиеттерді жазып келу тапсырмасы берілді. Інің сенен көмек сұрады. Оған қалай көмектесесің? Ұқыпты оқушыға тән қасиеттерді жазып бер.

Кел, жаттайық!

Мен ұқыпты баламын,
Орнында кітап, қаламым.
Салып алып сөмкеме,
Мектебіме барамын.

Есте сақта!

Әлібек ұқыпты.
Жалқаубек ұқыпсыз.
Мен сабаққа кешікпеймін.
Менің кітабым таза.

5 Әнел ақылды

Сөздердің орын тәртібімен сақтай отырып, сөйлем құрастырасың.

Мен ақыл+ды+мын / Біз ақыл+ды+мыз
Сен ақыл+ды+сың / Сендер ақыл+ды+сың+дар
Сіз ақыл+ды+сыз / Сіздер ақыл+ды+сыз+дар
Ол ақыл+ды / Олар ақыл+ды

Біз шула+й+мыз / шула+ма+й+мыз
Сендер шула+й+сың+дар / шула+ма+й+сың+дар
Сіздер шула+й+сыз+дар / шула+ма+й+сыз+дар
Олар шула+й+ды / шула+ма+й+ды

Жаңа сөздер

әрқашан
сыпайы
шулау
бөлісу

Дұрыс айт!

әрқашан
[әрғашан]
сыпайы
шула [шұула]

Оқы. Қайтала.



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бұл не?
2. Кітапхана қандай?
3. Кітапханашы қандай кісі?

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Әнел — ақылды оқушы. Ол кітапты көп оқиды. Кітапханаға жиі барады. Ол оқыған кітабы туралы достарына айтады. Олармен ой бөліседі. Мен де достарыммен кітапханада сабаққа дайындаламын. Кітапханада қатты сөйлеуге, шулауға болмайды.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Әнел қандай?
- Әнел қайда жиі барады?
- Ол нені көп оқиды?
- Кітапханада не істеуге болмайды?

4-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемді жаз.

Мен достарыммен кітапханаға (отырамын, жинаймын, барамын). Әнел (ауылға, кітапханаға, киноға) жиі барады. Ол (дәптерді, кітапты, қағазды) көп оқиды. Кітапханада (тамақ ішуге, шулауға, ойнауға) болмайды.

5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша ақпараттың дұрыстығын тексер.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Әнел – ақылды оқушы.		
Ол кітап оқығанды ұнатпайды.		
Әнел достарымен ой бөліседі.		
Кітапханада шулауға болады.		
Мен де кітапханаға барып, ұйықтаймын.		
Кітапханада қатты сөйлеуге болмайды.		

6-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.

Мектептің	автобусқа	көп кітап	айтып береді.
Аялдамадан	достарыммен	қызықты әңгіме	барамын.
Ол	кітаптың	бетін	мінді.
Мен	бізге	әже	сызады.
Жалқаубек	кітапхана-сында	кітапханаға	бар.

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

1) Әлібекке Аннаның ... (ойыншық, ойыншығы, ойыншығым) ұнады. 2) Әнел кітап ... (оқығанмен, оқығанды, оқығаннан) ұнатады. 3) Ол інісіне ... (кітабын, кітаптың, кітаптан) әперді. 4) Ол ... (кітабы, кітабым, кітабын) өзі қаптайды.

8-тапсырма. Суреттегі кейіпкерлер рөлінде сұхбат құрыңдар.



Есте сақта!

Әнел ақылды. Ол кітапты көп оқиды. Мен кітапханаға барамын. Кітапханада шулауға болмайды.

6 Қайырымды бала

Тақырыпқа қатысты сөздерді тауып, сөйлеу барысында қолданасың.

Мен қайырым+ды+мын
Сен қайырым+ды+сың

Сіз қайырым+ды+сыз
Ол қайырым+ды

Жаңа сөздер

қайырымды
қарсы
қанат
тоңу

Дұрыс айт!

қайырымды
қарсы

Оқы. Қайтала.

қайырымды бала



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша ақпараттың дұрыстығын тексер.

Ақпарат	дұрыс	бұрыс
Жапырақтар сарғайды.		
Күн жылы.		
Құстар жылы жаққа ұшып кетті.		
Құстарға ұя жасамаймыз.		

2-тапсырма. Әр қатардағы артық сөзді тап. Неге артық екенін айт.

- Қайырымды, әдепті, ұқыпты, еріншек.
- Жалқау, мақтаншақ, ұқыпсыз, ақылды.
- Құс, ұя, балапан, ұшып кету, жапырақ.

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Әлібек күшігімен бақшаны аралады. Ол жерде жатқан торғайдың балапанын көрді. Ол қатты тоңып қалыпты. Әлібек торғайды көтеріп алды. Үйіне алып келді. Оған жем берді. Әлібек — қайырымды бала.

4-тапсырма. Сөздерге тиісті қосымшаны жалғап айт.

Сөздер	Қосымшалар
ақылды	-мын -мін -пын -пін
әдепті	
ұқыпты	
еріншек	
ерке	
тентек	
мақтаншақ	

5-тапсырма. Жақшаның ішіндегі қажетті сөздерді қойып, сөйлемді жаз.

1. Әлібек күшігімен (киноны, бақшаны, даланы) аралады. 2. Ол жерде жатқан (торғайдың, тырнаның, күшіктің) балапынын көрді. 3. Әлібек (күшікті, тырнаны, торғайды) көтеріп алды.

6-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтыр.

Күзде  сарғаяды.	Әлібек  көрді.	Әлібек торғайға  берді.

7-тапсырма. Топтық жұмыс. Әр топ бір оқиғаны таңдап алыңдар. Оқиғада қайырымдылық бар ма, жоқ па соны анықтаңдар.

- Бала досына көмектесті, бірақ ешкімге айтпады.
- Оқушы көмектесті, бірақ сыйлық күтті.
- Бала көмектеспеді, бірақ кешірім сұрады.

8-тапсырма. «Менің қайырымды істерім» тақырыбында суретті кітапша дайында. Кітапшаға өзіңнің жасаған жақсы істеріңнің суретін жапсыр.

Кел, жаттайық!

Атам менің әманда
Мейірімді бол деген.
Ақыл сөзі санамда, —
Жасы үлкенге жол берем.
Жолда көріп қалғанда,
Көмектесем кәріге.

Абдрахман Асылбек

Есте сақта!

Әлібек — қайырымды бала. Ол жерде жатқан балапанды үйіне алып келді. Оған жем берді.

7 Еріншектің ертеңі бітпес

Шағын мәтіндегі ойды түсінесің.

Мен құя+мын/жина+й+мын
Сен құя+сың/жина+й+сың
Сіз құя+сыз/жина+й+сыз
Ол құя+ды/жина+й+ды

Біз құя+мыз/жинаймыз
Сендер құя+сың+дар/жина+й+сың+дар
Сіздер құя+сыз+дар/жина+й+сыз+дар
Олар құя+ды/жина+й+ды

Жаңа сөздер

қоқыс,
оңай,
қиын,
қарны ашу,
ертеңге қалдыру

Дұрыс айт!

оңай
қиын [қыйын]
қарны ашу
[қарнашұу]
қалдыру
[қалдырұу]

Оқы. Қайтала.



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Жаңа сөздерді айт.

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Анасы:
— Қадиша, гүлге су құйшы, — деді.
Қадиша:
— Ертең құямын, — деді.
— Қадиша, қуыршақтарыңды жинашы, — деді анасы.
Қадиша:
— Ертең жинаймын, — деді.
Қадиша анасына:
— Апа, тамақ ішемін. Қарным ашты! — деді.
Анасы:
— Тамақты ертең істеймін, — деді.
— Апа, теледидар қосшы, кино көремін, — деді Қадиша.
— Теледидарды ертең қосамын. Киноны ертең көресің, — деді анасы.
— Апа, «ертең-ертең» дейсіз. Бүгін тамақ ішпеймін бе? Кино көрмеймін бе? — деп, Қадиша жылады.
— Неге жылайсың? Сен гүлге суды ертең құясың. Қуыршақтарыңды ертең жинайсың. Мен де сенен үйрендім. Ендеше, жұмысты ертеңге қалдырма, — деді анасы.
Қадиша ойланды.

М. Төрежанов

1. Анасы Қадишаға не деді?
2. Қадиша қалай жауап берді?
3. Қадиша қандай қателік жіберді?
4. Сен Қадишаның орнында болсаң, не істер едің?

3-тапсырма. Жақша ішіндегі тиісті сөздерді қойып, сөйлемді жаз.

Қадиша, (талға, гүлге, ағашқа) су құйшы. Апа, қуыршақтарымды (ертең, бүгін, таңертең) жинаймын. Апа, (шырын, тамақ, ботқа) ішемін.

4-тапсырма. Суретті пайдаланып, әңгіме құра. Қадиша мен жалқау мысықтың әрекетін салыстыр.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.

1. Мен гүлге суды ертең құя... . Мен үйді ертең жинай... .
2. Сен бүгін құя... . Сен киноны ертең көре... .
3. Сіз киноны ертең көре... . Сіз құыршақты ертең жинай... .
4. Ол ертең құя... . Ол бүгін кино көре... .
5. Біз бүгін құя... . Біз тамақты ертең істей... .
6. Сендер ертең құя... . Сендер үйді бүгін жинай... .
7. Сіздер таңертең құя... . Сіздер тамақты ертең істей... .
8. Олар ертең құя... . Олар бүгін үй жинай... .

Тиісті қосымшалар:

-мын	*-сың*	*-сің*	*-ді*	*-мыз*	-сыз
-сыңдар	*-сыздар*	*-сіздер*	*-ды*	*-міз*	-сіз

6-тапсырма. **Анаң інің/қарындасың екеуіне үйді жинап қоюды тапсырды.** Бірақ інің / қарындасың көмектескісі келмейді. Не істейсің? Оны үй жинауға қалай көндіресің?

Есте сақта!

Қадиша еріншек. Ол барлық жұмысты ертеңге қалдырады. Бүгінгі жұмысты ертеңге қалдыруға болмайды.

8 Азға қанағат ет

Мәтіннің жанрын анықтайсың.

Барлық жетістіктің бастауы — адал еңбек.
Қасым-Жомарт Тоқаев

Мен апар+а+мын / Біз апар+а+мыз
Сен апар+а+сың / Сендер апар+а+сың+дар
Сіз апар+а+сыз / Сіздер апар+а+сыз+дар
Ол апар+а+ды / Олар апар+а+ды

Жаңа сөздер

таға
ұста
апару
ереже

Дұрыс айт!

таға
ұста

Оқы. Қайтала.



алшы



шие

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ол демалыста қайда барады?
2. Кімге көмектеседі?
3. Ол інісіне не үйретеді?

2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Мұғалімнің көмегімен жанрын анықтаңдар.

Бір адам жолда ескі тағаны көріп:

— Балам, анау тағаны алшы! — дейді.

— Әке, ескі таға ғой, пайдасы жоқ, — деп, бала тағаны алмайды.

Әкесі тағаны өзі алады.

Әкесі ескі тағаны ұсталарға үш тиынға сатады. Шие сатып алады.

Әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Бала шиені жерден алып, жейді. Ол жерге түскен шиені он рет алып жейді. Әкесі баласына:

— Көрдің бе: «Пайдасы жоқ!» — деп, тағаны алмадың. Шиені он рет алдың. Есіңде болсын: Аз жұмысты қиынсынсаң — көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете алмасаң — көптен құр қаласың, — дейді.

Ы. Алтынсарин

3-тапсырма. Әлеуметтік желілерден «Әке мен бала» мультфильмін көр. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әкесі жолдан не тауып алды?
2. Бала тағаны алды ма?
3. Әкесі тағаны кімге сатты?
4. Әкесі не сатып алды?
5. Бала шиені қалай жеді?
6. Әкесі баласына не деді?

4-тапсырма. Оқы. Ақпараттың дұрыстығын тексер.

ақпарат	дұрыс	бұрыс
— Балам, анау тағаны алшы! — дейді.		
Бала тағаны өзі алады.		
Он тиынға шие сатып алады.		
Әкесі тағаны ұсталарға сатады.		
Көрдің бе: «Пайдасы жоқ!» — деп, тағаны алмадың. Шиені он рет алдың.		

5-тапсырма. Сызбаны толтыр. Өткен сабақтағы Қадиша мен баланы салыстыр. Олардың әрекетінде қандай ұқсастық бар?

Қадиша	Бала

6-тапсырма. Сұхбатты толықтыр.

— Қадиша анасына көмектесті ме?
— ..... .
— Ол қуыршақтарын жинады ма?
— ..... .
— Бала әкесінің айтқанын тыңдады ма?
— ..... .
— Ол жерден не алып жеді?
— ..... .
— Қадишаның анасы не деді?
— ..... .
— Баланың әкесі қандай ақыл айтты?
— ..... .

7-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, сөйлем құра.





Есте сақта!

Бала жерден тағаны алмады. Ол әкесінің айтқанын тыңдамады. Демалыста ауылға барамын. Атама көмектесемін.

9 Мейірімді Нұрай

Тірек сөздер бойынша сөйлейсің.

Мен сындырып ал+ды+м /көмек+тес+е+мін
Сен сындырып ал+ды+ң / көмек+тес+е+сің
Сіз сындырып ал+ды+ңыз / көмек+тес+е+сіз
Ол сындырып ал+ды / көмек+тес+е+ді

Жаңа сөздер

сындырып алу
сынған
жылау
шындық

Дұрыс айт!

көмөктөсүү
сынған [сыңған]

Оқы. Қайтала.





көмектесу | сындырып алу | сынған ыдыс

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді қолданып, мәтіннің мазмұнын айт.

Тірек сөздер: жексенбі, көмектесті, шаңын сүртті, су құйды, жуды, риза болды.

2-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.**

1. Әнел анасына көмектес... .
2. Ол гүл... су құйды.
3. Ыдыс... жуды.
4. Сен ыдысты сындырып ал... .
5. Әкесі таға... үш тиынға сатты.

Тиісті қосымшалар:

-ге	*-ты*	*-ті*	*-дың*	*-ны*

3-тапсырма. **Мәтінді оқы.**

Нұрай — өте мейірімді қыз. Ол бүгін әжесіне көмектесті. Ыдысты жуды. Бір ыдысты сындырып алды. Нұрай сынған ыдысты әжесіне берді. Әжесі:

— Кім сындырды? — деп сұрады.

— Мен, — деді ол.

Нұрай оған жылады.

— Жылама, құлыным! Сен өтірік айтпадың. Шындықты айттың. Сен ақылдысың, — деді әжесі.

М. Базарбайқызы

4-тапсырма. **Сұхбатты толықтыр.**

— Нұрай қандай қыз?

— ..... .

— Ол кімге көмектесті?

— ..... .

— Ол нені сындырып алды?

— ..... .

— Қандай балалар өтірік айтпайды?

— ..... .

5-тапсырма. Суреттердің орнына сөзді қойып айт.

★★

Мен  су құямын.

Әкесі  жерден алды.

Мен  көмектесемін.

Нұрай  сындырып алды.

Әлібек  бақшаны аралады.

6-тапсырма. **Жағдаят: Інің үстел үстінде тұрған әдемі құмыраны сындырып алды.** Ешкімге айтпай, қоқыс жәшігіне тастай салды. Сен оның құмыраны сындырғанын көрдің. Не істейсің?

7-тапсырма. **«Біздің сыныптағы мейірімділік» тақырыбында зерттеу жүргізіңдер. Әр оқушының жасаған мейірімді істерін кестеге жазып отырыңдар. Апта соңында ең мейірімді баланы сынып болып анықтаңдар.**

★

Есте сақта!

Нұрай әжесіне көмектесті. Ол — мейірімді әрі ақылды қыз. Ол өтірік айтпайды.

10 Шебер бала

Тірек сөздердің көмегімен сөйлейсің.

Мен шебер+мін *Мен айырбастап ал+а+мын*
Сен шебер+сің *Сен айырбастап ал+а+сың*
Сіз шебер+сіз *Сіз айырбастап ал+а+сыз*
Ол шебер *Ол айырбастап ал+а+ды*

Мен ренжи+мін / ренжі+ме+й+мін
Сен ренжи+сің / ренжі+ме+й+сің
Сіз ренжи+сіз / ренжі+ме+й+сіз
Ол ренжи+ді / ренжі+ме+й+ді

Жаңа сөздер

шебер, қызығу, айырбастап алу, сіріңке қораптары, қауіпті, қате, ренжу, рас

Дұрыс айт!

қызығу [қызығұу]
қорап
қауіпті [қәүүптү]
қате [қәте]
ренжі

Оқы. Қайтала.





қауіпті

сіріңкеден жасалған үй

1-тапсырма. Сұхбатты тыңда. Жаңа сөздерді тап.

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Мырзабек — шебер бала. Ол ойыншықтың бәрін өзі жасайды.

Ол сіріңке қораптарынан әдемі үй жасады. Дастан бұл ойыншыққа қатты қызықты. «Не беріп айырбастап алсам екен?» — деп ойлады.

Ол Мырзабекке:

— Мен саған добымды берейін. Сен маған ойыншық үйіңді берші, — деді.

Мырзабек допты алмады. Ол Дастанға ойыншық үйді берді.

— Мен өзіме тағы жасап аламын, — деді Мырзабек.

Дастан:

— Рақмет! — деп қуанды.

М. Төрежановтан

3-тапсырма. Тиісті қосымшаны жалғап жаз.

Мен ұқыпты... .	Сен мейірімді... .	Сіз ақылды... .
Мен ренжи... .	Сен ренжи... .	Ол шебер.
Сен шебер... .	Сіз шебер... .	Ол ренжи... .

Тиісті қосымшалар:

-мын	*-мін*	*-сің*	*-сіз*	*-сыз*

4-тапсырма. Оқиғаларды мәтін мазмұны бойынша қойып, айт.

- Дастанның ойыншыққа қызығуы;
- Дастанның қуануы;
- Мырзабектің әдемі үй жасауы;
- Мырзабектің ойыншықты сыйлауы.

5-тапсырма. Сұхбатты толықтыр.

— .....?

— Мырзабек — шебер бала.

— .....?

— Ол ойыншық жасайды.

— .....?

— Ол ойыншықты сіріңкенің қорабынан жасайды.

— .....?

— Ол сіріңкенің қораптарынан әдемі үй жасады.

— .....?

— Ол ойыншығын Дастанға берді.

6-тапсырма. Жақшаның ішіндегі тиісті сөздерді қойып жаз.

Сіріңкенің қорабын (оттың, терезенің, партаның) жанына қойма. Мырзабек — (жалқау, шебер, еріншек) бала. Ол сіріңкенің қораптарынан (доп, үй, кітап) жасады. Дастан бұл (дәптерге, ойыншыққа, қаламға) қатты қызықты.

7-тапсырма. Суреттердің орнына сөздерді қойып айт.

Мырзабек | Анна | Саша | Әлібек

сіріңкеден






жасады.

8-тапсырма. Жоба жұмысы. Өзің шебер жасай алатын бір жұмысты таңда (қағаздан бұйым жасау, өрнек қию, сурет салу, тағы басқа). Сол жұмысты орында. Жасаған жұмысыңды көрсетіп, сыныпта қорға.

Есте сақта!

Мырзабек — шебер бала. Ол сіріңке қораптарынан ойыншық жасайды. Ол сіріңке қораптарынан әдемі үй жасады.

Кел, жаттайық!

Жақсы мен жаман

Жақсы деген немене? —
Әдеп пенен өнеге:
Үлкендерді сыйлауың,
Ақыл сөзін тыңдауың.
Кішілерге берерің
Бойыңдағы өнерің.

Жаман деген жақсы емес,
Жей қоятын тәтті емес:
Үлкендерді сыйламау,
Ақыл сөзін тыңдамау.
Жақсы істерді көрмеуің,
Кішіге көмек бермеуің.

Абдрахман Асылбек

11 Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

Сөздердің мағынасын түсініп, оларды ауызша және жазбаша түрде қолданасың.

1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

МЕН ТӘРТІПТІ БАЛАМЫН

Мен тәртіпті баламын,
Айтқан тілді аламын.
Апам нанға кеткенде
Үйде ойнап қаламын.
Шкафтарды ашпаймын,
Кітаптарды шашпаймын.
Текшелерден үй жасап,
Қызық ойын бастаймын.

Ө. Тұрманжанов

2-тапсырма. Сұраққа жауап беріп, сызбаны толтыр.



3-тапсырма. **Сұрақтарға жауап бер.**

1. Сенің досың қандай?
2. Ол ата-анасына көмектесе ме?
3. Жалқаубек қандай?
4. Ол бөлмесін жинай ма?
5. Әлібек пен Жалқаубек қайда барды?
6. Әлібек қандай бала?
7. Әлібектің кітаптары қандай?
8. Әнел қайда жиі барады?
9. Әнел ақылды ма?
10. Қадиша қандай қыз?
11. Мырзабек қандай бала?
12. Нұрай қандай қыз?

4-тапсырма. **Қате жазылған сөйлемдерді тап. Себебін түсіндір.**

1) Менің досым ауылда тұрасың. 2) Жалқаубек сабақ оқымайды. 3) Әлібек сабақты жақсы оқисыз. 4) Олар үйлеріне автобуспен қайттық. 5) Әлібек пен Жалқаубек киноге барды. 6) Әлібек інісіне көмектеседі.

5-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.**

1. Мен тәртіпті бала... , айтқан тілді ала... . 2. Менің дос... ауылда тұрады. 3. Құыршақтарымды ертең жинай... . 4. Тағаны жерден ал... .

Тиісті қосымшалар:

-мын	*-ым*	*-дым*

6-тапсырма. **Сөйлемдерді аяқтап жаз.**

1) Мен жақсы бала болғым келеді, себебі ... . 2) Әлібек әдепті бала, өйткені ... . 3) Мен інімді ренжітпеймін, себебі ... . 4) Егер мен шебер болсам, ...

7-тапсырма. **Суреттегі балаларды сипатта.**



8-тапсырма. **Топтық жұмыс. Соңғы аптада сыныпта болған оқиғаларды кестеге жазыңдар. Берілген сұрақтарды топта талқылаңдар.**

Оқиға	Бұл жақсы ма, жаман ба?	Неге?

9-тапсырма. **«Менің досым» деген тақырыпта фотоколлаж дайында. Досыңның қандай бала екенін айт.**

10-тапсырма. **«Жақсы және жаман» деген тақырыпта 5-6 кадрдан тұратын шағын суретті әңгіме (комикс) дайындап, сыныпта қорға.**

Данасөз

Еңбек — адамның көркі,
адам — заманның көркі.
Халық даналығы

Білгенге маржан

Мақал-мәтел

Жақсыдан үйрен,
жаманнан жирен.

3 Уақыт

Әр күніңді пайдалы іске жұмса.
Абай

ТІРЕК СӨЗДЕР:



қыс, көктем, жаз, күз, бос уақыт, шұғылдану



ОҚУШЫ, СЕН БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

уақыт, ай, жыл мезгілдеріне қатысты сөздерді дұрыс қолдануды үйренесің;

жыл мезгілдерінің ерекшелігін сипаттайсың;

сұхбат құрасың;

өз күн тәртібіңді айтасың;

сурет бойынша әңгімелейсің.

ТІРЕК СӨЗДЕР:



сағат, таңертең, түсте, кешке, ерте, кеш, күн тәртібі, таңғы ас, кешкі ас, түскі ас

Оқу барысында сен мыналарды ҮЙРЕНЕСІҢ:







тыныс белгілерді орынды қолдануды.

сұрақтарға жауап беруді;



1 Сағат он екі болды

Әңгімеге қатысып, сұхбаттасасың.

Менің сағат+ы+м
Сенің сағат+ы+ң

Сіздің сағат+ы+ңыз
Оның сағат+ы
Он минут қалды / кетті.

Жаңа сөздер

сағат неше?
тура
қалды
кетті

Дұрыс айт!

сағат
жеті
тоғыз [тоғұз]
болды [болдұ]

Оқы. Қайтала.


Сағат тура тоғыз болды


Он екіден он минут кетті


Сағат жеті болды


Бірге бес минут қалды


Кешкі сағат сегіз

бір	*екі*	*үш*	*төрт*	*бес*	*алты*	*жеті*
сегіз	*тоғыз*	*он*	*он бір*		*он екі*	

ТІЛДІК БАҒДАР

Қимыл-әрекеттің қазіргі уақытта болып жатқаны екі түрлі жолмен беріледі.

Қимылды білдіретін сөзге: **-ып,-іп, -п** қосымшалары жалғанып, қасына *жатыр, тұр, отыр, жүр* деген сөздер қойылады: айт-**ып тұр**, кел-**іп отыр**	Қимылды білдіретін сөзге: **-а, -е, -й** қосымшалары жалғанады: айт-**а**-ды, кел-**е**-ді, ойна-**й**-ды, көр-**е**-ді, үш-**а**-ды
__-ып тұр, __-іп отыр, __ -п жатыр	__-а-ды, ___-е-ді, __-й-ды

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Суреттерді мәтіннің мазмұны бойынша ретімен орналастыр.



2-тапсырма. Суреттерге қара, оқы.

Мынау — менің сағатым. Сағат он екі болды. Мен кітап оқимын.



Мынау — менің сағатым. Сағат оннан он минут кетті. Мен футбол ойнаймын.



Мынау — менің сағатым. Сағат екіге он минут қалды. Мен тамақ ішемін.



3-тапсырма. Үлгіге қарап сөйлемдерді толықтыр. Қимылдың қай уақытта болғанын айт.

Үлгі:

1. Мен сабаққа барамын.
2. Сен далада ойнайсың.
3. Ол түскі тамақ ішеді.

1. Мен айт+а+ ... .
2. Сен биле+й+ ... .
3. Ол жүр+е+ ... .

1. Мен кітапты ал+
2. Сен сөйле+
3. Ол кино көр+

4-тапсырма. Сандарды сөзбен айт. Сұрақтарға жауап бер.

- Сағат неше болды?

Сағат



болды.

5-тапсырма. Тиісті қосымшаны таңдап жалға. Қимылдың қай уақытта болғанын айт.

1. Менің атым – Әлібек. Мен үшінші сыныпта оқимын. Сағат сегіз болды. Мен мектепке бар(а/е) жатыр(мын/мін).
2. Інімнің аты – Ғабит. Ол бесте. Сағат тоғызға он минут қалды. Ол балабақшаға бар(е/а) жатыр.

6-тапсырма. Үлгі бойынша сұхбат құрыңдар. Досыңнан сұра. Суреттерге қарап жауап беріңдер.

Үлгі: — Әлібек, сен сағат тоғызда не істейсің?
— Мен тоғызда мектепке барамын.



Кеше сағат 9:00



Бүгін сағат 13:00



Қазір сағат 16:00



Ертең сағат 18:00

Кел, жаттайық!

Сағат — уақыт бөлшегі,
Сағат — өмір өлшемі.
Пайдалансаң дұрыстап,
Адастырмас ол сені.

Есте сақта!

Сағат неше болды?
Сағат тура сегіз болды.
Мен мектепке барамын.

2 Сағат жетіде тұрамын

Кейіпкердің іс-әрекетіне сұрақтар құрып, оған жауап бересің.

Сағат жетіде тұр+а+мын.
Сен нешеде тұр+а+сың?
Ол нешеде тұр+а+ды?
Мен таңертең жаттығу жаса+й+мын.

Жаңа сөздер

таңертең
жарым
жуыну
жаттығу жасау

Дұрыс айт!

таңертең
[таңертең]
тұрамын
жуыну [жууынуу]
жаттығу
[жаттығуу]

Оқы. Қайтала.



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Әлібек нешеде тұрады? Ол не істейді?

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сызбаға сүйеніп, төмендегі әрекеттерді нешеде орындайтыныңды айт.

Мен таңертең жетіде тұрамын. Жаттығу жасаймын. Жеті жарымда жуынамын. Сегізде тамақ ішемін. Тоғызда үй тапсырмасын орындаймын. Он бірде теледидар көремін. Сағат бірден кеткенде мектепке барамын.



3-тапсырма. Үлгіге қарап, сөйлемді толықтыр. Қимылды білдіретін сөз неге әртүрлі айтылатынын түсіндір.

Үлгі: 1. Мен кеше тамақ іштім.
2. Сен қазір тамақ ішесің.
3. Ол ертең тамақ ішеді.

1. Мен кеше кітап оқы... .
2. Сен қазір кітап оқы(и)... .
3. Ол ертең кітап оқы(и)... .

1. Мен кеше футбол ойна... .
2. Сен қазір футбол ойна... .
3. Ол ертең футбол ойна... .

4-тапсырма. Суреттерге қарап, Әлібектің не істейтінін айт.









5-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп оқы.

Мен	бірден кеткенде	ойнаймын.
	екіде	тамақ ішемін.
	үште	теледидар көремін.
	төртте	жаттығу жасаймын.
	бесте	кітап оқимын.
	алтыда	тұрамын.
	жеті жарымда	жуынамын.
	сегізде	үйге келемін.
	тоғызда	мектепке барамын.

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.

1) Сен кеше таңертең нешеде тұрдың?
2) Сен бүгін нешеде тамақ іштің?
3) Сен қазір мультфильм көріп отырсың ба?
4) Сен ертең нешеде футбол ойнайсың?

7-тапсырма. Суреттерге қарап үлгі бойынша сұхбат құрыңдар.

Үлгі: — Сағат бір болды. Саша ұйықтап жатыр. Дұрыс па?
— Дұрыс емес.

— Сағат жеті болды. Саша жаттығу жасап жатыр. Дұрыс па?
— ... .

















Кел, жаттайық!

Жетіде тұрған баланың
Болады ісі өнімді.
Күн менен апта, қарағым,
Өтеді сонда көңілді.

Есте сақта!

Сен таңертең нешеде тұрасың? Мен таңертең жетіде тұрамын.

3 Ерте ұйықтадым

Мәтін мазмұны бойынша (қашан? қайда?) сұрақтар құрастырасың және оған жауап бересің.

Сен қашан тұр+дың?
Сен түс+ке дейін не істе+дің?
Сен түс+тен кейін не істе+дің?
Сен кешке не істе+й+сің?

Жаңа сөздер

қашан? дейін, кейін, кешке, ерте, кеш

Дұрыс айт!

қашан?
түсте [түстө]

Оқы. Қайтала.



Мен түске дейін мектепке бардым.



Сен түстен кейін гимнастикаға/ күреске бардың.



Ол кешке футбол ойнады.



Сен ерте/кеш жаттың.

ТІЛДІК БАҒДАР

Сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болған қимыл-әрекетті білдіретін сөздерге: ***-ды, -ді, -ты, -ті*** қосымшалары жалғанады.
Мысалы: бар+***ды***, кел+***ді***, кет+***ті***, жат+***ты***. | -ды, ...-ді, ...-ды

1-тапсырма. Оқы. Қою әріппен жазылған сөздерге сұрақ қой. Қимылды білдіретін сөздер арқылы қай уақытта не істегенін айт.

Мен **таңертең** ерте тұрдым. **Түске дейін** мектепке бардым. **Сағат бірде** үйге келдім. Қазір тамақ ішіп отырмын. **Түстен кейін** сабақ оқимын. Теледидар көремін. **Сегізде** тамақ ішемін. **Кешке** ерте ұйықтаймын. Сен ерте ұйықтайсың ба, кеш ұйықтайсың ба?

2-тапсырма. Қашан болды, қазір ме, кейін бе деген сұрақтарға жауап беріп, мәтіндегі сөйлемдерді үш бөлікке бөл.

Бұрын болды	Қазір болып жатыр	Кейін болады
Мен таңертең тұрдым.	...	...

3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Саша нешінші сыныпта оқиды?
2. Ол кешке дейін не істейді?
3. Оның әрекеті дұрыс па?

4-тапсырма. Бір-біріңнен сұраңдар. Сен таңертең, түсте, кешке не істейсің?

таңертең	түсте	кешке
ұйқыдан тұрамын жуынамын жаттығу жасаймын мектепке барамын	сабақ оқимын кітап оқимын ас ішемін кітапханаға барамын	үйге барамын мультфильм көремін кітап оқимын сурет саламын

5-тапсырма. Тиісті қосымшаны жалғап жаз.

1. Бұл — менің інім. 2. Ол таңертең жеті... (-да, -де) тұрады. 3. Жеті жарым... (-да, -де) тамақ ішеді. 4. Түс... (-те, -ке) дейін мектепке барады. 5. Ол түс... (-кен, -тен) кейін ойнайды.

6-тапсырма. Суретке қара. Тірек сөздерді пайдаланып, Аннаның не істегенін айт.

Таңертең не істеді?	Түске дейін не істеді?	Түсте не істеді?	Түстен кейін не істеді?	Кешке не істеді?
				

Тірек сөздер: мектеп, кітап, тамақ, теледидар, тіс
Үлгі: Ол таңертең ....

7-тапсырма. Сұхбатты толықтырыңдар.

— Сен таңертең нешеде тұрасың?
— Мен ... 7-де тұрамын.
— Сен түске дейін қайда барасың?
— Мен ... ... мектепке барамын.
— Сен түсте не істейсің?
— Мен түсте үйге ... , ... ішемін.
— Сен түстен кейін не істейсің?
— Мен ... .
— Сенің інің кешке не істейді?
— Менің інім ... .

Кел, жаттайық!

Қоңырау қағылды
Алғашқы арынды.
Сыныпқа балалар
Кезекпен ағылды.

Нұрлан Нұрқабылов

Есте сақта!

Сен таңертең не істейсің? Сен түске дейін, түсте, түстен кейін не істейсің? Ерте ұйықтаймын.

4 Менің күн тәртібім

Тақырыпқа қатысты сөздерді тауып, сөйлегенде қолданасың.

Менің күн тәртіп(б)+і+м
Сенің күн тәртіп(б)+і+ң
Сіздің күн тәртіп(б)+і+ңіз
Оның күн тәртіп(б)+і

Жаңа сөздер

күн тәртібі
таңғы ас
түскі ас
кешкі ас

Дұрыс айт!

күн тәртібі
сабақ оқимын
[сабағ оқыймын]
таңғы ас [таңғас],
түскі ас [түскас],
кешкі ас [кешкас]

Оқы. Қайтала.



1-тапсырма. Мағынасы сәйкес келетін сөздерді сәйкестендір. Сөйлемді толықтыр.

Таңертең ... ішемін.	*түскі ас*
Түсте ... ішемін.	*кешкі ас*
Кешке ... ішемін.	*таңғы ас*

2-тапсырма. Оқы. Төмендегі сұрақтарға жауап бер. Сенің күн тәртібің осыған ұқсай ма?

Мынау — менің күн тәртібім.

Мен 7-де тұрамын. Жуынамын, жаттығу жасаймын. Жеті жарымда таңғы ас ішемін. 8-де мектепке барамын. Тура 13.00-де түскі ас ішемін. 14.00-де кітапханаға барамын. Үштен кейін шахматқа барамын. 19.00-де кешкі ас ішемін. Кешке сабақ оқимын.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, өз күн тәртібіңді айт.

1. Түске дейін не істейсің?
2. Түстен кейін не істейсің?
3. Кешке не істейсің?

4-тапсырма. Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап жаз.



1. Өткен уақытта жаз:

Анна таңғы асты сағат нешеде ішті?

2. Қазір болып жатқан уақытта жаз:

Анна түскі асты нешеде ішіп жатыр?

3. Кейін болатын уақытта жаз:

Анна кешкі асты нешеде ішеді?

5-тапсырма. Суреттерге қара. Досыңның күн тәртібін айт.

1. Ол нешеде тұрады?
2. Мектепке қашан барады?
3. Түскі асты нешеде ішеді?
4. Түске дейін, түстен кейін не істейді?
5. Кешкі нешеде ұйықтайды?








Кел, жаттайық!

Құлындай ойнайды,
Жүздері жайнайды.
Жігері бойында
Тасқындап қайнайды.

Нұрлан Нұрқабылов

Есте сақта!

Мен таңертең мектепке барамын.
Түсте ас ішемін.
Кешке қарай сабақ оқимын.
Тура сегізде кешкі ас ішемін.

5 Бос уақыт

Тыңдалым мәтіні бойынша алдындағы немесе кейінгі оқиғаны болжайсың.

Жаңа сөздер

немен?
бос уақыт
шұғылдану
қолданады

Дұрыс айт!

шұғылдану
[шұғұлданұу]
қолдану
[қолданұу]

Оқы. Қайтала.

- Сен немен шұғылданасың?



Мен гимнастикамен шұғылданамын. Лента қолданамын.



Біз күресеміз.

1-тапсырма. Мәтінді оқы. «Ол» сөзі неліктен өзгергенін түсіндір. Кестені толтыр.

Әлібек бос уақытында күреспен шұғылданады. Ол дүйсенбі, сәрсенбі күндері жаттығуға барады. Оның жаттығуы тура бесте басталады.

Әнел бос уақытында гимнастикамен шұғылданады. Ол лента қолданады. Әнел бейсенбі, жұма күндері гимнастикаға барады. Оның жаттығуы тура төртте басталады.

Олар бос уақыттарын дұрыс пайдаланады. Сен бос уақытыңды дұрыс пайдаланасың ба?

Кім?	Қай күндері?	Сағат нешеде?	Не істейді?
Әлібек			
Әнел			

2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Дұрыс жауапты таңдап айт.

1. Әлібек мектепке қашан барады?
а. Әлібек мектепке түстен кейін барады.
ә. Әлібек мектепке түске дейін барады.
2. Әнел мектепке қашан барады?
а. Әнел мектепке түске дейін барады.
ә. Әнел мектепке түстен кейін барады.
3. Әнел немен шұғылданады?
а. Әнел күреспен шұғылданады.
ә. Әнел гимнастикамен шұғылданады.
4. Әлібек немен шұғылданады?
а. Әлібек гимнастикамен шұғылданады.
ә. Әлібек күреспен шұғылданады.

3-тапсырма. Жұпқа бөлініп, бір-біріңнен бос уақыттарыңда не істейтіндеріңді сұраңдар. Сұхбат құрыңдар.

- Бос уақытыңда немен шұғылданасың?





4-тапсырма. Оқы. Дұрыс жауабын тауып айт.

Әнелдің жаттығуы

төртте / екіде / бесте

басталады.

Әлібектің жаттығуы

алтыда / екіде / бесте

басталады.

5-тапсырма. Берілген сөйлемдердің уақытын өзгертіп жаз.

1. Әлібек күреспен шұғылданады.
— Әлібек кеше ..... .
— Әлібек ертең ..... .
2. Әнел бос уақытын дұрыс қолданады.
— Кеше ..... .
— Ертең ..... .

6-тапсырма. Әлібек қай күні күреске барады? Әнел қай күні гимнастикаға барады? Тірек сөздерді пайдаланып айт.

Тірек сөздер: Күрес, гимнастика, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

7-тапсырма. Қажетті сөздерді жаз.

Қажетті сөздер: шұғылданады, бос уақытында, қолданады, төртте, гимнастикамен.

1. Әлібек күреспен ... . 2. Әлібек ... ... күреске барады. 3. Әнел ... шұғылданады. 4. Жаттығу ... басталады. 5. Әнел лента ... .



8-тапсырма. Сұхбатты толықтырып, сөйлесіңдер.

— ... , сен бос уақытыңда не істейсің?
— Мен ... ... спортзалға барамын.
— ... , сен бос уақытыңда немен шұғылданасың?
— Мен бос уақытымда ... ... , кітап оқимын.

Есте сақта!

Мен бос уақытымда анама көмектесемін. Ол бос уақытында спортзалға барады.

6 Жылдың төрт мезгілі

Тыңдалым мәтіні бойынша алдындағы немесе кейінгі оқиғаны болжайсың.

Қыста түн ұзақ болады.
Қыста күн қысқа болады.

Жаңа сөздер

жыл
төрт мезгіл
тәулік

Дұрыс айт!

жылдың төрт мезгілі
қыс
көктем [көктөм]
жаз
күз

Оқы. Қайтала.

Жылдың төрт мезгілі



1-тапсырма. а) Суретке қарап, мәтін не туралы болатынын болжап айт.
ә) Мәтінді тыңда. Суретті, тірек сөздерді пайдаланып айт.

Тірек сөздер: Жыл ата, екі ұлы, қызы, он екі ай, бөліп беру.

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Кестені толтыр.

— Әлібек, бір жылда неше мезгіл бар?

— Бір жылда төрт мезгіл бар. Олар: қыс, көктем, жаз, күз.

— Жақсы. Ал бір жылда неше ай бар?

— Бір жылда он екі ай бар. Әнел, бір жылда неше тәулік бар?

— Бір жылда үш жүз алпыс бес (365) тәулік бар. Солай ма, Әлібек?

— Әрине, Әнел. Ал бір тәулікте жиырма төрт сағат бар.

Бір жылда		
тәулік	ай	мезгіл
бар		

3-тапсырма. Суреттерге қарап жылдың төрт мезгілін ата.



4-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, сөйлемді толықтыр.

★★

Жыл атаның Күз, Қыс деген екі ұлы, ..., ... деген екі қызы болыпты.





5-тапсырма. Жыл маусымдарын ата. Оларды мағынасына қарай сәйкестендір.

Қыстан кейін ... мезгілі болады.	жаз
Көктемнен кейін ... мезгілі болады.	күз
Жаздан кейін ... мезгілі болады.	қыс
Күзден кейін ... мезгілі болады.	көктем

6-тапсырма. «Сүйікті мезгіл» тақырыбында зерттеу жүргіз.

★★★

Оқушы	Мезгіл	Неге?
Әлібек	Жаз	Күн жылы болады.
Саша		

- 3 оқушыдан сұра.
- Олар қай мезгілді жақсы көреді?
- Кестеге жаз.

Қорытынды жаса: Біздің сыныпта көп оқушыға ... мезгілі ұнайды.

Есте сақта!

Жылдың төрт мезгілі бар: қыс, көктем, жаз, күз.
Бір жылда он екі ай, үш жүз алпыс бес (365) күн бар. Бір тәулікте 24 сағат бар.

7 Қыс айлары

Шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсінесің.

Мен шаңғы теп(б)+е+мін
Сен шаңғы теп(б)+е+сің
Сіз шаңғы теп(б)+е+сіз
Ол шаңғы теп(б)+е+ді

Оқы. Қайтала.



желтоқсан қаңтар ақпан

Жаңа сөздер

күн
күндіз
түн
ұзақ
боран соғады

Дұрыс айт!

күндіз [күндүз]
желтоқсан
қаңтар
ақпан
қар
боран соғу [соғұу]
шаңғы

ТІЛДІК БАҒДАР

Әлі болмаған, алдағы уақытта болатын қимыл-әрекетті білдіретін сөздерге: ***-а, -е, -й*** қосымшалары жалғанады.

Мысалы:

*ертең сөйле-**й**-мін, кейін бар-**а**-ды, өс-**е**-ді.* | *... -а, ...-е, ...-й*

-а, -е, -й қосымшалары қазір болып жатқан қимылды да, әлі болмаған қимылды да білдіретін сөздерге бірдей жалғанады.

• Сөйлемде **«қазір»** деген сөз болса — бұл дәл қазіргі уақытты білдіреді: қазір кел-**е**-мін, қазір ойна-**й**-ды	• Сөйлемде **«ертең»**, **«сосын»**, **«кейін»** деген сөз болса — бұл алдағы уақытты білдіреді: ертең те(п)б-**е**-ді, сосын биле-**й**-ді

1-тапсырма. **Мәтінді оқы. Мазмұнын айт.**

Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыста күн суық болады. Қар жауады, аяз болады. Боран соғады. Күндіз балалар қармен ойнайды. Шаңғы, шана тебеді. Қыста түн ұзақ, күн қысқа болады.

2-тапсырма. **Жақшадағы сөздердің тиістісін қойып, сөйлемді толықтыр.**

1. Қыста күн ... болады.	(суық, ыстық)
2. ... жауады.	(қар, жаңбыр)
3. ... соғады.	(боран, самал жел)
4. Балалар .... тебеді.	(шана, доп)
5. Түн ... болады.	(ұзақ, қысқа)
6. Күн ... болады.	(ұзақ, қысқа)

3-тапсырма. **Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.**

1. Жылдың қай мезгілі туралы айтылды?
2. Қыс айларын ата.
3. Қыста не болады?
4. Балалар қай мезгілді жақсы көреді?

4-тапсырма. **Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөз тіркесін құра.**

1. Қыс	а. қысқа болады
2. Боран.....	ә. айлары
3. Күн	б. соғады
4. Түн.....	в. ойнайды
5. Қар.....	г. ұзақ болады
6. Күндіз.....	ғ. жауады

5-тапсырма. **Қыс айларына қатысты ақпараттарды сызбаға жаз.**

қыс айлары: | **ҚЫС МЕЗГІЛІ** | ауа райы:

балалардың әрекеті: ойнайды, ...

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, сөйлемдерді толықтыр.

— Желтоқсан қыстың нешінші айы?
— Қаңтар қыстың нешінші айы?
— Ақпан қыстың нешінші айы?
— Желтоқсан — қыстың бірінші айы.
— ... — қыстың ... -інші айы.
— ... — ... -інші ... .

7-тапсырма. Жұп болып, әр сурет бойынша сұхбат құрыңдар.





Кел, жаттайық!

Қыс

Құлақтарын үсіткен,
Шынықпаған қай бала?
Осы болар қыс деген,
Айтсақ жауап жай ғана.

Оспанәлі Иманәлиев

Есте сақта!

Қыста қар жауады, аяз болады, боран соғады. Қыста қармен ойнаймын. Шаңғы тебемін.

8 Көктем мезгілі

Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқисың.

Көктемде жаңбыр жиі жауады.

Жаңа сөздер

қар ериді
жиі
найзағай
ойнайды
бүршік жарады

Дұрыс айт!

найзағай
жаңбыр
жиі [жійі]
бүршік [бүршүк]

Оқы. Қайтала.



Құстар ұшып келеді.

Қар ериді.

Ағаштар бүршік жарады.

1-тапсырма. Өлеңді тыңда. Өлең не туралы?

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде күн жылынады. Қар ериді, найзағай ойнайды, жаңбыр жиі жауады. Құстар ұшып келеді. Ағаштар бүршік жарады. Көктем — жылдың әдемі мезгілі.

3-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір. Сөз тіркесін құра.

1. Қар	а. ұшып келеді.
2. Ауа райы	ә. жауады.
3. Жаңбыр	б. жылы.
4. Найзағай	в. жарады.
5. Бүршік	г. ойнайды.
6. Құстар	ғ. ериді.

4-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, сөйлемді толықтыр.

Көктемде



ериді.

Ағаштар



жарады.



ойнайды.



ұшып келеді.



жиі жауады.

5-тапсырма. «Көктем картасын» толтыр. Әр белгінің жанына көктемде болатын табиғат құбылысын жаз.

Белгі						
Табиғат құбылысы						

6-тапсырма. Мәтіндегі ақпарат бойынша көктемнің негізгі белгілерін үш топқа жинақтап жаз.

Көктем айлары	Табиғаттағы өзгерістер	Құстар мен өсімдіктер
1. ...	1. Күн жылынады.	1. ...

7-тапсырма. «Табиғаттағы өзгерістер». Мәтіннен көктемде болатын 3 негізгі өзгерісті тауып айт. Олардың себебін анықта.

- Қар неге ериді?
- Құстар неге ұшып келеді?
- Ағаштарда не пайда болады?

Кел, жаттайық!

Көктем

Үстін жасыл түк басып,
Көктем келді нық басып.
Тоғандарға тығылып,
Кетті лезде қыс қашып.

Өтепберген Ақыпбеков

Есте сақта!

Қазір жылдың қай мезгілі?
Қазір — көктем мезгілі.
Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ериді, күн жылынады, жаңбыр жиі жауады.

9 Жаз бен күз айлары

Тақырыпқа қатысты сөздерді табасың және сөйлегенде қолданасың.

Қазір қай мезгіл?
Қазір күз мезгілі.

Жаңа сөздер

егін ору
шық түсу
салқындайды
мың

Дұрыс айт!

егін ору [орұу]
салқындайт
жиі [жійі]
мың

Оқы. Қайтала.



Жаз



Күз

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Жылдың қай мезгілі екенін анықта.

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Жаз бен күз мезгілдерінің белгісін тап.

Жаз — ең ыстық мезгіл. Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Жазда жеміс-жидек піседі. Біз суға шомыламыз.

Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша. Күзде егін орады. Күзде күн салқындайды. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жаңбыр жиі жауады. Біз қолшатыр ұстаймыз.

3-тапсырма. Жаз және күз айларын ретімен ата.

қаңтар	мамыр	желтоқсан	маусым	қараша	сәуір
шілде	наурыз	ақпан	тамыз	қыргүйек	қазан

4-тапсырма. Отбасы мүшелері қай мезгілде туғанын анықта. Кестеге аттарын жаз.

көктем	жаз	күз	қыс

5-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, сөйлемді толықтыр.

1. Жазда  піседі.

2. Біз  шомыламыз.

3.  орады.

4.  жылы жаққа ұшып кетеді.

5. ыстық болады.

6-тапсырма. Суреттерге қара. Жаз бен күз мезгілін салыстыр. Ортақ белгісі мен айырмашылығын жаз.





Күз айлары:	Ортақ белгілері:	Жаз айлары:
• ...	• 3 айдан тұрады, • ...	• ...

7-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтардың жауабын ізде. Себебін анықта.

1. Адамдар күзде неліктен қолшатыр ұстайды?
2. Неліктен жазда суға шомылуға болады, ал күзде болмайды?
3. Жазда пісетін жеміс-жидектерді ата.

Жауап үлгісі: Адамдар күзде қолшатыр ұстайды, себебі ... .

Кел, жаттайық!

Жаз

Жайқалып жапырақ,
Құлпырып қызғалдақ,
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күншуақ.

Жұбан Молдағалиев

Есте сақта!

Жаз айлары:
маусым, шілде,
тамыз.
Күз айлары:
қыргүйек, қазан,
қараша.

10-11 Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

Тақырыпқа қатысты сөздерді табасың және сөйлегенде қолданасың.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен демалыс күні түске дейін не істейсің?
2. Түстен кейін не істейсің?

2-тапсырма. Күн тәртібіңді жаз.

7.00. .....
7.30. .....
8.00. .....
12.00. .....
14.00. .....
15.00. .....
16.00. .....
17.00. .....
19.00. .....
20.00. .....
21.00. .....
22.00. .....



3-тапсырма. **Сұрақтарға жауап бер.**

- Неше жыл мезгілі бар?
- Сен жылдың қай мезгілін жақсы көресің?
- Қыс айларын ата.
- Көктем айларын ата.
- Жаз айларын ата.
- Күз айларын ата.
- Көктем, жаз айларында не істейсің?
- Күз, қыс айларында не істейсің?

4-тапсырма. **Әрекеттің қайсысы «қазір», «кейін», «әрқашан», «бұрынғы» екенін тап. Тұсына жаз.**

Қыста боран болды. (...)
Мен жетіде тұрамын. (...)
Ол ұйықтап жатыр. (...)
Көктемде қар ериді. (...)

5-тапсырма. **Суреттерге қарап, дәл қазір не болып жатқанын жаз. Мына сөздерді қолдан: отыр, тұр, жатыр, жүр.**

Бала кітап оқып ..... . (Бала қазір не істеп отыр?)
Далада қар жауып ..... . (Терезеден не көріп тұрсың?)
Оқушы мектепке бара ..... . (Ол қазір жолда ма?)

6-тапсырма. **Досыңа әр мезгілде не істеу керектігін айт. Бұйрық түрінде кеңес бер.**

- Жазда күн ыстық, сондықтан суға (шомыл/шомылма).
- Күзде жаңбыр жауады, қолшатыр (ал/алма).
- Қыста күн суық, жылы (киін/киінбе).
- Көктемде құстарды (қорға/қорғама).

7-тапсырма. Жыл мезгілдерінің негізгі белгілерін үш топқа бөліп жинақта. «Сиқырлы кестені» толтыр.

Жыл мезгілдері, айлары	Табиғаттағы өзгерістер	Құстар мен өсімдіктер
1. Қыс: желтоқсан, ...	1.	1.
2.	2.	2.

8-тапсырма. Топқа бөлініңдер. Суреттерге қараңдар.

Қыста, көктемде, жазда, күзде ауа райы қандай болады? Жылдың әр мезгілін бір сөйлеммен ауызша сипаттаңдар.

Үлгі: Қыста күн суық болады. Көктемде ... .






Данасөз

Сағат — уақыт бөлшегі,
Сағат — өмір өлшемі.

Білгенге маржан

Мақал-мәтел

Шанаңды жазда сайла,
Арбаңды қыста сайла.

4 Сәулет өнері

Халық руханиятының бір қыры — сәулет өнері.
Қасым-Жомарт Тоқаев



ТІРЕК СӨЗДЕР:



сәулет



өнер



кешендер



мүсін



ғимарат



субұрқақ



үйірме

ОҚУШЫ, СЕН БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

сәулет өнеріне қатысты біліміңді кеңейтесің;

өз еліңдегі ерекше сәулет туындыларымен, ғажайып ғимараттармен танысасың;

өнер түріне қатысты жаңа сөздерді игересің;

достарыңмен түрлі өнер туындыларына, кешендерге байланысты өз ойыңды, пікіріңді бөлісуді үйренесің.

Оқу барысында сен мыналарды ҮЙРЕНЕСІҢ:



нұсқауларды түсініп, орындауды;

айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айтуды;



әңгімеге араласып, сұхбаттасының ойын толықтыруды;





тыныс белгілерді дұрыс қоюды;





мәтінді мәнерлеп, рөлге бөліп оқуды;



мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыруды, түрлі сұрақтарға жауап беруді;





жіктеу есімдіктерін, көмекші сөздерді дұрыс қолдануды.

1 Әкем — сәулетші

Мәтінді мәнерлеп оқисың.

Сәулет — сәулетші
Құрылыс — құрылысшы
Қабат — көпқабатты
Жаңа құрылыстың жобасы

Жаңа сөздер

құрылысшы
сәулетші
ғимарат
жаңа
көпқабатты

Дұрыс айт!

құрылысшы
(құрұлұшшы)
сәулет
ғимарат
қабат
жаңа

Оқы. Қайтала.



құрылыс
құрылысшы
сәулетші
ғимарат

Әкем — сәулетші. Ол жаңа, көпқабатты ғимараттың жобасын жасады.

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде кімдер туралы айтылды?
2. Әлібектің әкесі кім?
3. Әкесі не істейді?
4. Әлібектің ағасы кім?
5. Ағасы не істейді?

2-тапсырма. Суреттерді мәтіннің мазмұны бойынша орналастыр.






3-тапсырма. Мәтінді оқы. Үлгіге қара. Әр сөйлем бойынша «иә», «жоқ» деп жауап берілетіндей сұрақ жаз. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс оқы.

Үлгі: Сен Астана қаласында тұрасың ба?

Мен Астана қаласында тұрамын. Астанада әдемі, жаңа, көпқабатты ғимарат көп. Менің әкем — сәулетші. Ол кеше жаңа ғимараттың жобасын жасады. Бұл кісі — менің ағам. Ол — құрылысшы. Әкемнің досы да — құрылысшы.

4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша ақпараттың дұрыстығын тексер.

Сөйлемдер	дұрыс +	бұрыс -
Ол Астанада тұрады.		
Ағасы жаңа ғимараттың жобасын жасайды.		
Астанада әдемі ғимарат аз.		
Оның әкесі — сәулетші.		
Оның әкесінің досы — құрылысшы.		
Олар көпқабатты үй салады.		

5-тапсырма. Кім не істейді? Сөздер мен суреттерді сәйкестендір. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айт.

құрылысшы	сәулетші	мұғалім	дәрігер	шаштараз	аспаз








сабақ береді	бала емдейді	үй салады	ас дайындайды	жаңа ғимараттың жобасын жасайды	шаш қияды

6-тапсырма. Екі бұлттағы сөздерді тіркестіріп жаз.

әкем, ғимараттың, ағам, жоба, үй, әдемі, «Апорт»

сауда үйі, құрылысшы, жасайды, жобасы, салады, сәулетші, ғимарат

7-тапсырма. Өлең шумақтарын мәнерлеп оқы. Қою әріппен берілген сөздердің аудармасын жаз. Әр маманның не істейтіні туралы айт.

Мен құрылысшы боламын,
Зәулім үйлер саламын.
Ғимаратпен әдемі
Көркейтемін қаланы.

Мен боламын дәрігер,
Дәрігердің бәрі — **ер.**

Құтқарам деп аурудан,
Адамдардың **қамын жер.**

Сәулетші болу — арманым,
Әрлейтін дала, қаланы.
Сұлулықты сүйемін,
Сондықтан **ұшқыр** қаламым.

С. Раев

Кел, жаттайық!

Үйлеріне қаланың
Мен қызығып қарадым.
Мектеп, балабақшаны
Әдемі етіп саламын,
Мен құрылысшы боламын!

Фариза Оңғарсынова

Есте сақта!

Менің әкем — сәулетші. Ағам — құрылысшы.
Олар көпқабатты, жаңа ғимараттар салады.

2 Мен де сәулетші боламын

Көркем жазу дағдыларыңды дамытасың.

Кесененің сырт+ы
Кесененің төбе+сі
Кесененің мұнара+сы
Райымбек көшесінде орналасқан.

Жаңа сөздер

кесене
сырты
төбе
мұнара
орналасқан

Дұрыс айт!

сырты
төбесі
[төбөсү]
мұнара
орналасқан

Оқы. Қайтала.



кесененің суреті
кесененің төбесі



кесененің сырты
кесененің мұнарасы

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек кіммен сөйлесті?
2. Олар не туралы сөйлесті?
3. Райымбек батыр кесенесі қандай?
4. Оның сырты қандай?

2-тапсырма. **Тірек сөздерді пайдаланып, сұхбаттың мазмұнын айт.**

Тірек сөздер: Райымбек батыр кесенесі, сурет салу, кесененің төбесі, кесененің сырты.

3-тапсырма. **Мәтінді оқыңдар. Әлібек пен әкесінің сұхбатын құрыңдар. Заттың атын, сынын білдіретін сөздердің мағынасын ажыратыңдар. Оларды ауызша тілде қолданыңдар.**

Бұл — Райымбек батырдың кесенесі. Кесене Алматы қаласындағы Райымбек батыр даңғылында орналасқан. Кесененің төбесі биік, мұнарасы әдемі. Сырты аппақ.

Кесененің жобасын белгілі сәулетшілер — Бек Ибраев, Шәмші Өтебаев, Сәдуақас Атығаев жасаған.

4-тапсырма. **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, дәптер бойына көркем жаз.**

Ме... әкем — сәулет.... Мен де сәулетші бола.... Маған Райымбек батырдың кесене... ұнайды. Кесене... сырты аппақ. Оның күмбез... әдемі. Кесененің алдында түйе... мүсін... бар. Кесене жобасын сәулетші... — Б. Ибраев, Ш. Өтебаев, С. Ағытаев жасаған.

Тиісті қосымшалар:

-нің	*-ші*	*-мын*	*-сі*	*-і*	*-лер*

5-тапсырма. **Жұптық жоба жұмысы. Ғаламтордан Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі туралы ақпарат табыңдар. Кесененің сәулеті туралы постер жасаңдар. Осы бөлімде үйренген жаңа сөздерді қолданыңдар.**



Жаңа сөздер: кесене, төбе, мұнара, орналасқан.

6-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтыр.

Мен де  боламын.

Бұл —  кесенесі.

Кесененің  әдемі.

7-тапсырма. Суреттерге қара. Екі бағаннан артық сөздерді алып таста. Тірек сөздерді қолданып, мәтін құрап айт. Заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздерді қолдан.



Биіктігі, күмбез, төбесі, 97 метр, сәулетші, Алматы, ғимарат, жарық, кесене, аласа, Астана, ескі, жаңа, құстың жұмыртқасы, ақ, сары



Биіктігі, күмбез, Түркістан, төбесі, 97 метр, сәулетші, ғимарат, көк, жарық, кесене, аласа, Астана, ескі, жаңа, мұнара, алтын, жазу

Кел, жаттайық!

Мен сәулетші боламын,
Жүйрік ойым, қаламым.
Жоба жасап сан түрлі,
Ғимараттар саламын.

Есте сақта!

Мен сәулетші боламын. Кесененің жобасын жасаймын. Кесененің төбесі биік. Сырты ақ.

3 Жас сәулетшілер үйірмесінде

Кейіпкердің іс-әрекетіне сұрақ құрастырасың және оған жауап бересің.

Оқушылар сарай+ы
Сарай+дың қабырға+сы
Қабырға+ның түс+і
Түс+і қызғылт

Жаңа сөздер

қабырға
сарай
қызғылт
үйірме
жоба

Дұрыс айт!

қабырға
үйірме [үйүрмө]
қызғылт

Оқы. Қайтала.



Оқушылар сарайы

сарайдың қабырғасы

Сарайдың қабырғасы қызғылт.

1-тапсырма. **Мәтінді тыңда. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, мазмұнда. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айт.**

Керекті сөздер: он үш, жас сәулетшілер, ғимараттардың, Оқушылар сарайының.

Бұл — ... ... үйірмесі. Үйірмеге ... оқушы қатысады. Үйірмеде ... жобасын жасаймыз. Саша екеуіміз қағаздан ... жобасын жасадық.

2-тапсырма. **Тыңдалған мәтінге сәйкес сөздерді тіркестіріп жаз. Мәтін мазмұны мен кейіпкерлердің іс-әрекетіне сұрақтар құрастыр.**

он үш, ғимараттардың, жас сәулетшілер, жоба жасауды, оқушылар, әкем	сәулетші, сарайы, үйренеміз, жобасы, үйірмесі, оқушы

3-тапсырма. **Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.**

Саша екеуіміз қағаз, пазл, ағаш, легодан әртүрлі ғимараттың жобасын жасаймыз. Кеше қағаздан көпқабатты Оқушылар сарайының жобасын жасадық. Сарайдың қабырғасы биік, сырты қызғылт болды. Төбесі сары, мұнарасы әдемі. Есігі үлкен әрі әдемі.

1. Әлібек пен Саша неден жоба жасайды?
2. Олар кеше қағаздан ненің жобасын жасады?
3. Сарайдың қабырғасы, сырты қандай?
4. Сарайдың төбесі мен есігі қандай?

4-тапсырма. Бағандағы сөздерге керекті қосымшаларды жалғап, сөйлем құра.

Мен	лего	-дан -тан -нан	ғимарат	жасады...	-ңыз
Сен	ағаш				-ңдар
Сіз	қағаз				-м
Сендер	пазл				-қ
Біз	картон				-ң

5-тапсырма. Жағдаят: Жас сәулетшілер үйірмесінде досың екеуіңе тапсырма берілді. Қағаздан кесененің жобасын жасауларың керек. Кесене жобасы туралы сөйлесіңдер.

— Әлібек, кесенені неден жасаймыз?
— Кесенені қағаздан жасаймыз.

6-тапсырма. Рөлдік ойын. Жағдаят: Сен сәулетшілер үйірмесінің мүшесісің. Сыныптас досыңды сол үйірмеге қатысуға шақыр. Үйірмеде орындалатын іс-әрекеттерді нақтылау үшін бір-біріңе сұрақ (қандай? қай? қашан? қайда?) қойыңдар, жауап беріңдер.

Кел, жаттайық!

Бұл — үлкен сарай,
Қызығады талай.
Мұнарасы биік,
Тұр аспанға тиіп.

Есте сақта!

Мен жас сәулетшілер үйірмесіне барамын. Саша екеуіміз сарайдың жобасын жасадық. Сарайдың қабырғасы биік. Оның алдында үлкен ескерткіш бар.

4 Ғажайып субұрқақ

Әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табасың.

Мен субұрқаққа барамын.
Сырты мәрмәр тастан жасалған.
«Шығыс күнтізбесі» субұрқа(қ)ғ+ы

Жаңа сөздер

мәрмәр тас
субұрқақ
киіз үй
ертегі

Дұрыс айт!

субұрқақ
(сұубұрқақ)
мәрмәр
киіз үй
(кійіз үй)

Оқы. Қайтала.



субұрқақ | қызғылт түс | мәрмәр тас

Субұрқақ жобасының сәулеті киіз үйге ұқсайды.

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Бұл ненің бейнесі? Суретке қарап сәйкестендір.

2-тапсырма. Тыңдалған мәтінде қай сөз тіркестері кездесті? Белгіле, жаз. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздердің емлесін сақтап жаз.

сарайдың күмбезі	«Шығыс күнтізбесі»	Алматының ортасы	маған ұнайды
он екі	жануардың басы	субұрқақтың іші	мәрмәр тас
тастың қабырғасы	түсі қызғылт	киіз үйге ұқсайды	үлкен субұрқақ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Бір-біріңе сұрақ қой.

Алматыда 150-ден астам субұрқақ бар. Олар сан алуан әрі әдемі. Маған «Шығыс күнтізбесі» субұрқағы ұнайды. «Шығыс күнтізбесі» қазақ ертегісіне сәйкес жасалған. Сәулетшілері: В. Твердохлебов, В. Кацев, А. Татаринов.

ТІЛДІК БАҒДАР

СЕПТЕУЛІК ШЫЛАУЛАР

Септеулік шылаулар — сөздерді байланыстырады, мағына қосады. Көп қолданылатындары: үшін, туралы, дейін, кейін, бірге.

Мысалы: *Мен субұрқақты көру үшін бардым. Біз «Шығыс күнтізбесі» туралы сөйлестік. Мен досыммен бірге келдім.*

4-тапсырма. Қажетті сөздер мен септеулік шылауларды қатыстырып, «Шығыс күнтізбесі» субұрқағы туралы Әлібек пен Сашаның сұхбатын жаз.

Қажетті сөздер: мәрмәр тас, субұрқақ, киіз үй, қызғылт, туралы, кейін, бірге.

5-тапсырма. Септеулік шылауларды қойып жаз.

Керекті сөздер: туралы, үшін, бірге, кейін.

- Біз субұрқақ ... сөйлестік.
- Мен бұл жерді достарым ... суретке түсірдім.
- Сабақтан ... біз серуендедік.
- Мен досыммен ... бардым.

6-тапсырма. «Шығыс күнтізбесі» субұрқағының кейіпкерлері туралы ақпарат жина. Ондағы үй жануарлары туралы білетініңді айт. Сөзіңде осы оқулықтағы «Жанды табиғатқа» қатысты өткен материалдарды пайдалан.



7-тапсырма. «Зерттеу жасаймын». Ғаламтордан өзіңе ұнайтын субұрқақтың тарихына қатысты ақпарат тап. Оның авторы туралы мәлімет ал. Тапқан суреттер мен ақпараттарды пайдаланып, шағын презентация жаса.

Кел, жаттайық!

Біздің Қазақстан!

Алтай — Жайық арасы —
Жарты әлемдей даласы,
Ол — біздің Қазақстан!

Кенге толы қойнауы,
Төлге толы жайлауы,
Ол — біздің Қазақстан!

Жастан сүйіп аңсаған,
Тәтті күй мен кәусар ән,
Ол — біздің Қазақстан!

Анамыздай тілеуі ақ,
Отан бізде біреу-ақ,
Ол — біздің Қазақстан!

Мұзафар Әлімбаев

Есте сақта!

Маған «Шығыс күнтізбесі» субұрқағы ұнайды. Ол киіз үйге ұқсайды. Мәрмәр тастың түсі қызғылт.

5 Субұрқақтағы мүсіндер

Әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табасың.

Жануар+дың мүсін+і
Барыс+тың мүсін+і
Тауық+тың мүсін+і

Жаңа сөздер

сұр
мүсін
гүлзар
күнтізбе

Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

сұр

Бұл — жылқының мүсіні.
Ол тастан жасалған.
Мүсіннің түсі — сұр.

ТІЛДІК БАҒДАР

СЕПТІК ЖАЛҒАУЫ

Септік жалғауы — сөздерді сөйлемде байланыстырып, олардың мағынасын нақтылап тұратын жалғау.

Септік	Сұрақ	Мысал
Атау	кім? не?	жануар, мүсін
Ілік	кімнің? ненің?	жануардың, мүсіннің
Барыс	кімге? неге? қайда?	жануарға, мүсінге
Табыс	кімді? нені?	жануарды, мүсінді
Жатыс	кімде? неде? қайда?	жануарда, мүсінде
Шығыс	кімнен? неден? қайдан?	жануардан, мүсіннен
Көмектес	кіммен? немен?	жануармен, мүсінмен

1-тапсырма. **Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт. Септік жалғаулы сөздерді тап.**

Алматы — әлемдегі ең сұлу қала. Қалада гүлзар, демалыс алаңы, субұрқақ көп. Олардың сәулеті әртүрлі.

Маған «Шығыс күнтізбесі» субұрқағы ұнайды. Онда он екі жануардың мүсіні бар. Мүсіндер мәрмәр тастан жасалған.

2-тапсырма. **Ғаламтордан «Шығыс күнтізбесі» субұрқағының суретін тауып, қара. Жануарлардың атын үлгі бойынша жаз.**

Үлгі: Бұл — жылқының мүсіні. Мүсін өте әдемі. Жылқы күнтізбеде 7-орында тұр.

3-тапсырма. **Суреттерге қара. Үлгі бойынша сөйлесіңдер.**

Үлгі: Саған (оған) не ұнайды? Ол ненің суреті? Ол қандай?



4-тапсырма. **Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз. Жіктеу есімдіктерін тап, олардың қандай сұраққа жауап беріп тұрғанын айт.**

Әлібекке ... ұнайды. Маған ... ұнайды. Саған ... ұнайды. Оған ... мүсіні ұнайды. Інісіне ... мен ..., барыс ұнайды. Олар ... табиғатқа жатады. Адам да жанды ... жатады.

5-тапсырма. **Жағдаят: Бүгін — Субұрқақ күні. Досыңа телефон шалып, «Бақбақ гүлі» субұрқағына шақыр.**

Қажетті сөздер: субұрқақ, әдемі, мәрмәр тас, түсі, сәулет, салқын самал.



Кел, жаттайық!

Субұрқақтар әдемі —
Сұлулықтың әлемі.

Есте сақта!

Маған субұрқақтар қатты ұнайды. Олар өте әдемі. Жазда субұрқақтан салқын жел соғады. Біз шомыламыз.

6 Көктөбеге шығамыз

Сөздердің орын тәртібін сақтап, сөйлем құрастырасың.

Мен аспа жолмен көтер+іл+е+мін
Сен аспа жолмен көтер+іл+е+сің
Сіз аспа жолмен көтер+іл+е+сіз
Ол аспа жолмен көтер+іл+е+ді
«Демалыс және спорт» кешеніне кіру

Жаңа сөздер

аспа жол
құм
кіру
кешен

Дұрыс айт!

Көктөбе
[Көктөбө]
кешені
кірүү
құм

Оқы. Қайтала.



аспа жолмен көтерілу

ескі — жаңа

«Демалыс және спорт» кешеніне кіру

1-тапсырма. **Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Тірек сөздерді қолданып, мазмұнын айт.**

1. Көктөбенің сәулеті қандай?
2. Көктөбеде қандай кешен бар?
3. Көктөбеге қалай барады?
4. Ғимараттар неге ұқсайды?

Тірек сөздер: Көктөбе, демалыс кешені, сәулет, аспа жол, көтерілу, кіру.

2-тапсырма. **Мәтін мазмұны бойынша кестені толтыр.**



Көктөбе қандай?	Көктөбеге қалай баруға болады?
—	— ..... .
—	— ..... .
—	— ..... .

3-тапсырма. **Мәтінді оқы. Қою әріппен жазылған сөздерге сұрақ қой. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді тап, дұрыс айт.**

Көктөбе — сәулеті әдемі демалыс орны. Көктөбеде **«Демалыс және спорт» кешені, биік** телемұнара, әсем ғимараттар бар. Көктөбеге **аспа жолмен** көтерілдік. **Оның төбесінен** қала толық көрінеді. Әсіресе **түнгі** Алматының көрінісі керемет!

4-тапсырма. Суреттердің орнына сөзді қойып, сөйлем құра.

Мен Көктөбеге



.....



.....



.....

+ ... көтерілдім.

5-тапсырма. Өзіңе ұнайтын демалыс орны туралы шағын мәтін жаз. Ол жерді сипатта.

6-тапсырма. Екі қатардағы сөздерді тіркестіріп жаз.

1) Көктөбенің, «Демалыс және спорт» кешені, аспа жолмен, сәулетшілер

2) жасаған, сәулеті, бар, көтерілу

Кел, жаттайық!

Көктөбе көркем, көрікті,
Табиғатына тамсанам!
Ол жерден түгел көрінер
Алматы шамы самсаған!

Есте сақта!

Көктөбеге аспа жолмен көтеріледі. Көктөбе өте әдемі. Онда «Демалыс және спорт» кешені бар.

7 Бәйтерек неге ұқсайды?

Мәтінді рөлге бөліп оқисың.

Біз Бәйтерекке бар+а+мыз.
Сендер Бәйтерекке бар+а+сың+дар ма?
Сіздер Бәйтерекке бар+а+сыз+дар ма?
Олар Бәйтерекке бар+а+ды.

Жаңа сөздер

Бәйтерек
биіктігі
самұрық құс
темір
шыны

Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

Бәйтерек
алақан ізі

алақан ізі | Бәйтерек кешені

Кешеннің қабырғасы темірден, шыныдан жасалған.

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұраққа жауап бер.

1. Саша кіммен сөйлесті?
2. Ол досынан не туралы сұрады?
3. Бәйтерек неге ұқсайды?
4. Оның қабырғасы неден жасалған?

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаз.

Керекті сөздер: сәулеті, самұрық құстың, үлкен ағашқа, темірден, шыныдан.

1. Бәйтерек кешенінің ... ұнады. Ол ... ұқсайды. Оның төбесінде ... жұмыртқасы бейнеленген. Бәйтеректің қабырғасы ... , ... жасалған.

3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Сұхбатты ары қарай жалғастырыңдар. Заттың атын, сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздерді қолданыңдар.

— Әлібек, саған қандай ғимарат ұнайды?
— Маған Бәйтерек кешені ерекше ұнайды.
— Бәйтерек туралы айтып берші.
— Бәйтеректің биіктігі — 97 метр. Қабырғасы темірден, шыныдан жасалған. Ең жоғары қабатында алақан ізі бар.

4-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш. Сөздерді аударып жаз. Ортада елдің бас қаласының атауы шығады.





5-тапсырма. Бәйтерек кешеніне қатысты ақпарат тауып жаз. Кешен қашан салынған? Оның сәулетшісі кім?

Кел, жаттайық!

Бәйтерек — сәні қаланың,
Түрлеген оның алаңын.
Аялайды «ағашты»
Сарыарқаның самалы.

Есте сақта!

Бәйтерек үлкен ағашқа ұқсайды. Оның биіктігі — 97 метр. Кешеннің жоғары қабатында алақан ізі бар. Қабырғасы темірден, шыныдан жасалған.

8 Қай ғимарат ұнайды?

Тыңдалым мәтіні бойынша иллюстрацияларды орналастырасың.

Мен Президент саябағына бар+а+мын
Сен Президент саябағына бар+а+сың
Сіз Президент саябағына бар+а+сыз
Ол Президент саябағына бар+а+ды

Жаңа сөздер

ескі
тұрғын
қонақ
саябақ
айналасы

Дұрыс айт!

ескі
тұрғын
[тұрғұн]

Оқы. Қайтала.

қала тұрғындары

ескі қала

Астана — ерекше сәулетті, жаңа қала.



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұраулы сөйлемдерді толықтырып айт.

1. Президент саябағы ...?
2. Саябаққа ... барады?
3. Саябақта ... субұрқақ бар?
4. Саябақтың жанында ... ғимараттар бар?

2-тапсырма. Мәтін мазмұнына қатысты суреттерді тап. Оларды мәтін мазмұны бойынша орналастыр.

1 

2 

3 

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі етістіктің шақ түрлерін айт.

